

ЗООЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ҚАЗАҚСТАН

ЗООЛОГИЯ ХАБАРШЫСЫ

Том 2, №2

Ғылыми журнал, жылына 2 рет шығарылады
2020 жылдан бастап шығады



Picrostethus bidens

АЛМАТЫ, 2021

«Қазақстан зоология хабаршысы», 2021, қазан, Том 2, №2 — Алматы: Зоология институты — 96 б.

Ғылыми журнал «Қазақстан зоология хабаршысында» теориялық және қолданбалы зоология еңбектері жарияланады.

Бас редактор — П.А.Есенбекова, б.ғ.к., perizat.esenbekova@zool.kz

Редакция мүшелері:

Есжанов Б.Е., б.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, eszhanovbirlik@gmail.com

Кошкимбаев Қ.С., б.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, karshyga.kosh@gmail.com

Мұсабеков Қ.С., б.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, kilishbay@mail.ru

Ахметов Х.А., б.ғ.к., «Көлсай көлдері» МҰТП, hamitkolsai@mail.ru

Сүлейменов М.Ж., в.ғ.к., Зоология институты, maratbek.suleimenov@zool.kz

Николаев Г.В., б.ғ.д., Зоология институты, nikolajevg@yahoo.com

Ященко Р.В., б.ғ.д., Зоология институты, roman.jashenko@zool.kz

Кабак И.И., б.ғ.к., Бүкілресейлік өсімдік қорғау институты, Ресей, ilkabak@yandex.ru

Ли Яомин, Қытай ғылым академиясының Синьцзян экология және география институты, Қытай, lym@ms.xjb.ac.cn

Бланк Д. Қытай ғылым академиясының Синьцзян экология және география институты, Қытай (Израиль), blankdavid958@yahoo.com

Carabus hungaricus, Picromerus bidens, Sciurus vulgaris, Eurydema ornata суретші Тимоханов В.А.

E-mail: editorial@kzkh.kz <http://kzkh.kz>

МАЗМҰНЫ

| | |
|---|----|
| Есенбекова П.А., Сапаралы А. Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің Жартылай қаттықанаттылар (Heteroptera) фаунасына материалдар | 5 |
| Есенбекова П.А., Орынбек М.С. Алматы қаласындағы жартылай қаттықанаттылардың (Heteroptera) фаунасы | 15 |
| Ислямов М. Ақсу-Жабағлы қорығының қаттықанаттылары (Coleoptera) фаунасына материалдар | 23 |
| Кенжегалиев А.М., Успанов А.М., Есенбекова П.А., Башкараев Н.А., Смагулова Ш.Б., Абдукадырова А.Д. ГАЗ-технологияларды қолдана отырып зиянды шегірткелердің табын түрлерін биологиялық бақылау | 31 |
| Көшекбаева А.А., Қуатов М.М. Барсакелмес қорығы қаттықанаттыларының (Coleoptera) күзгі фаунасы | 43 |
| Қанапьянова А.Н. 2021 жылғы зерттеу нәтижесі бойынша Жоңғар Алатау МҰТП-нің насекомдарына материалдар | 49 |
| Мұхамадиев Н.С., Мендібаева Г.Ж., Дәулеткелді Е. Инвазивті зиянкес – еменнің үңгі егегішінің (<i>Profenusa rugtaea</i> , Klug, 1814) зияндылығы | 53 |
| Нұртайқызы Д., Есенбекова П.А. Іле-Алатау МҰТП қаттықанаттылары (Coleoptera) (Оңтүстік-Шығыс Қазақстан) | 57 |
| Үсембаева Ж.С., Сәрсенбаева Ғ.Б., Мендібаева Г.Ж. Кіші ұн қоңызының (<i>Tribolium confusum</i> Duv.) биологиялық ерекшеліктері мен дамуы | 69 |
| Есжанов Б.Е., Салмен А.Б. Жерсіндірілген және натурализацияланған кәдімгі тиіннің Алматы қаласы жағдайында экологиясының кейбір мәселелері | 75 |
| Беркінбай О. Қазақстандағы үй және жабайы жануарлар эймериясының жаңа түрлері | 85 |

СОДЕРЖАНИЕ

| | |
|--|----|
| Есенбекова П.А., Сапаралы А. Материалы к фауне Полужесткокрылых (Heteroptera) Сайрам-Угамского государственного национального природного парка | 5 |
| Есенбекова П.А., Орынбек М.С. К фауне полужесткокрылых (Heteroptera) города Алматы | 15 |
| Ислямов М. Материалы к фауне жесткокрылых (Coleoptera) Ақсу-Жабағлинского государственного природного заповедника | 23 |
| Кенжегалиев А.М., Успанов А.М., Есенбекова П.А., Башкараев Н.А., Смагулова Ш.Б., Абдукадырова А.Д. Биологический контроль стадных видов вредных саранчовых с применением ГИС-технологий | 31 |
| Кошекбаева А.А., Куатов М.М. Осенняя фауна жесткокрылых (Coleoptera) Барсакельмесского заповедника | 43 |
| Канапьянова А.Н. Материалы к фауне насекомых Джунгар-Алатауского ГНПП по итогам работы за 2021 год | 49 |
| Мухамадиев Н.С., Мендибаева Г.Ж., Даулеткелди Е. Инвазивный вредитель - вредитель дуба (<i>Profenusa rugtaea</i> Klug, 1814) | 53 |
| Нуртайқызы Д., Есенбекова П.А. Жесткокрылые (Coleoptera) Іле-Алатауского ГНПП (Юго-Восточный Казахстан) | 57 |
| Усембаева Ж. С., Сарсенбаева Г. Б., Мендибаева Г. Ж. Биологические особенности и развитие <i>Tribolium confusum</i> Duv. | 69 |
| Есжанов Б.Е., Салмен А.Б. Некоторые вопросы экологии акклиматизированной и натурализованной обыкновенной белки в условиях города Алматы | 75 |
| Беркинбай О. Новые виды эймерий у домашних и диких животных в Казахстане | 85 |

CONTENT

| | |
|---|----|
| Esenbekova P. A., Saparaly A. Materials for the fauna of Heteroptera Sairam-Ugam State National Park | 5 |
| Esenbekova P.A., Orynbek M.S. To the fauna of Heteroptera of the city of Almaty | 15 |
| Islaymov M. Materials for the fauna of Coleoptera Aksu-Zhabaglinsky State Natural Reserve | 23 |
| Kenzhegaliev A.M., Uspanov A.M., Esenbekova P.A., Bashkarev N.A., Smagulova Sh.B., Abdulkadyrova A.D. Biological control of herd species of harmful locusts using GIS technologies | 31 |
| Koshebaeva A.A., Kuratov M.M. Autumn fauna of Coleoptera Barsakelmessky Nature Reserve | 43 |
| Kanapyanova A.N. Materials for the insect fauna of the Zhongar-Alatau SNNP based on the results of work for 2021 | 49 |
| Mukhamadiev N.S., Mendibayeva G.Zh., Dauletkeldi E. Invasive pest - oak pest (<i>Profenusa pygmaea</i> Klug, 1814) | 53 |
| Nurtaykyzy D., Esenbekova P.A. Coleoptera of the Ile-Alatau State National Natural Park (South-East Kazakhstan) | 57 |
| Usembayeva Zh. S., Sarsenbayeva G. B., Mendibayeva G. Zh. Biological features and development of <i>Tribolium confusum</i> Duv. | 69 |
| Yeszhanov B. E., Salmen A.B. Some issues of ecology of acclimatized and naturalized common squirrel in the conditions of the city of Almaty | 75 |
| Berkinbay O. New types of eimeria of domestic and wild animals in Kazakhstan | 85 |



Eurydema ornata

ӨЖ 595.754 <https://doi.org/10.54944/kzbax530td37>

Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің Жартылай қаттықанаттылар (Heteroptera) фаунасына материалдар

¹Есенбекова П.А., ²Сапаралы А.

¹ҚР БҒМ ҒК Зоология институты, әл Фараби даңғылы, 93, Алматы, 050060, Қазақстан

²Сайрам-Өгем МҰТП, Шымкент қаласы, Ғ.Иляев көшесі, 24/1, Түркістан облысы, 160000, Қазақстан

E-mail: perizat.esenbekova@zool.kz

Тұжырым. Мақала авторлардың 2021 жылы Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркінен жинаған жартылай қаттықанаттылары жайлы мәліметтерін жариялап отыр. Жартылай қаттықанаттылар - әртүрлі биотоптарды мекендейтін және биогеоценоздардағы биологиялық процестерде маңызды рөл атқаратын насекомдардың ерекше отрядтарының бірі. Жартылай қаттықанаттылардың арасында зоофагтар, зоофитофагтар бар, дегенмен фитофагтар басым кездеседі, олардың саны шектен тыс көбейген кезде, орман және ауылшаруашылық дақылдарына айтарлықтай зиян келтіреді. Ал зоофагтар зиянкес насекомдардың санын биологиялық жолмен реттеп, көп пайда келтіреді. 2021 жылы зерттеу жұмыстары Сайрамсу шатқалында жүргізілді. Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде жартылай қаттықанаттылардың 7 тұқымдасының 30 түрі анықталды. Олардың ішінде түр әртүрлілігімен ерекшеленетін тұқымдастар Pentatomidae - 12 түр (40%), Miridae - 6 түр (20%), Lygaeidae және Rhopalidae 3 түрден (10%), қалған 3 тұқымдастан 2 түрден ғана белгілі. Сайрам-Өгем МҰТП жартылай қаттықанаттылардың тіршілік ету орталарына байланысты бірнеше топқа бөлінеді: дендробионттар (3 түр), дендро-тамнобионттар (1 түр), хортобионттар (21 түр), герпетобионттар (2 түр), герпето-хортобионттар (1 түр), эпигебионттар (1 түр), эврихортобионттар (2 түр). Сайрам-Өгем МҰТП жартылай қаттықанаттыларының фаунасында мезофильді түрлер (20 түр) басым, яғни олардың 70%, мезоксерофилдер (10 түр, 30%). Түрлердің бұл арақатынасы жартылай қаттықанаттылардың мезофильді фаунаының Сайрам-Өгем МҰТП фаунасына қатты әсер ететіндігін көрсетеді. Қоректенуіне байланысты олардың арасында өсімдікқоректілер (27 түр, 90%): полифагтар - 18 түр (60%), кең олигофагтар - 9 түр (30%) және аралас қоректі түрлер (3 түр, 10%) бар, олар өсімдіктер және жануарлармен қоректенеді. Жылына беретін ұрпақтар саны бойынша Сайрам-Өгем МҰТП-ның жартылай қаттықанаттылары бірнеше топқа бөлінеді: 1) моновольтинді (16 түрі), 2) бивольтинді (10 түрі), 3) жылына 2-3 рет ұрпақ беретін түрлер (3 түрі), 5) поливольтинді (1 түрі). Жартылай қаттықанаттылар әртүрлі даму сатысында қыстайды. Көптеген түрлерде қысқы диапауза ересектер сатысында жүреді (26 түрі, 87%), бірақ жұмыртқа сатысында аз түрлер қыстайды (4 түрі, 13%).

Кілт сөздер. Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, Сайрамсу шатқалы, жартылай қаттықанаттылар.

Кіріспе

Жартылай қаттықанаттылар - әртүрлі биотоптарды мекендейтін және биогеоценоздардағы биологиялық процестерде маңызды рөл атқаратын насекомдардың ерекше отрядтарының бірі. Қандалалар арасында жыртқыш немесе араласқоректі көптеген түрлер бар, бірақ шөптесінқоректі түрлер басым; олар мезгіл-мезгіл жаппай көбейіп, ауылшаруашылық дақылдарына (астық, жемшөп, көкөніс, жеміс), сондай-ақ жайылымдар мен ормандарға айтарлықтай зиян келтіреді. Кейбір жартылай қаттықанаттылар жыртқыш болғандықтан, ауылшаруашылық дақылдары мен орман зиянкестерінің санын реттеп, көп пайда келтіреді.

Қазақстанда жартылай қаттықанаттылардың шаруашылық маңыздылығына қарамастан, олардың түр құрамы, биологиясы, экологиясы, табиғи таралу аймақтары бойынша бөлінуі және республиканың жекелеген физикалық-географиялық аймақтарындағы шаруашылық маңызы жеткілікті зерттелмеген, сондықтан бұл зерттеу өзекті болып табылады.

Осы жұмыстың мақсаты Сайрам-Өгем МҰТП жартылай қаттықанаттылар фаунасын, олардың биологиясын, экологиялық және зоогеографиялық таралуы мен шаруашылық маңызын анықтау болып табылады.

Зерттеу материалы мен әдістері

Бұл жұмыстың негізі авторлардың жеке жинаған материалдары мен далалық бақылаулары болды. 2021 жылы материалдар Сайрамсу шатқалынан жиналды және жартылай қаттықанаттылардың түр құрамы туралы жаңа мәліметтер алынды. Жартылай қаттықанаттыларды

жинау және зерттеу жалпы энтомологиялық әдістерге сәйкес жүргізілді (Кириченко [Kirichenko] 1957; Палий [Paliy] 1970; Фасулати [Fasulati] 1971; Кулик [Kulik] 1978). Шөптесін өсімдіктерден, бұталардан және ағаш бұтақтарынан насекомдар энтомологиялық ауа сүзгісімен жиналды; топырақ бетінде, өсімдіктердің тамырларында, орман жабынында, ағаштардың қабығының астында және әртүрлі баспаналарда тығылып тіршілік ететін түрлерді эксгаустер немесе қысқыш арқылы ұстап алынды. Ұстап алынған насекомдарды морилкада этилацетатпен уландырып, сонан соң арнайы мақта матрасшаларға қойылды. Зертханалық жағдайда үлкен насекомдар энтомологиялық инелерге орнатылды, ал кішкентайлары мөлшеріне байланысты картон тіктөртбұрыштарына энтомологиялық желіммен жабыстырылды немесе үшбұрыштарға бүйірімен жабыстырылды. Шамамен 100 дана коллекцияға қойылды.

Зерттеу нәтижелері мен талдау

Төменде анықталған жартылай қаттықанаттылар түрлерінің аннотациялық тізімі берілген.

Жай көзшесіздер тұқымдасы – Miridae

Deraeocoris olivaceus (Fabricius, 1777). Дендробионт (әртүрлі жапырақты ағаштар мен бұталарда); мезофил; зоофитофаг; моновольтинді; ересек дарасы қыстайды.

Adelphocoris lineolatus (Goeze, 1778). Хортобионт; мезофил; полифитофаг (күрделігүлділер, алаботалар және бұршақ тұқымдас өсімдіктерде) (Асанова, Чильдебаев [Asanova, Childebaev] 1976); жылына 2-3 ұрпақ береді; жұмыртқалары қыстайды.

Brachycoleus decolor Reuter, 1887. Хортобионт (әр түрлі шөптесін өсімдіктерде: жоңышқа, бидай, жүгері және т.б.); мезофил (далалы жерлерде, т.д. 800-1400 м биіктіктегі тау шалғындарында, алма, қайың-терек орманы және басқа да мезофиттік биотоптарда); полифитофаг (өсімдіктердің генеративті органдарымен қоректенеді) (Асанова, Чильдебаев [Asanova, Childebaev] 1976); моновольтинді; жұмыртқалары қыстайды.

Lygus gemellatus gemellatus (Herrich-Schaeffer, 1835). Хортобионт; мезофил (дала, шөлейт, аралас орман, тауларда т.д. 800-1100 м-ге дейін); полифитофаг (*Artemisia* және басқа да түрлі шөптесін өсімдіктерде); бивольтинді; ересек дарасы қыстайды. Түнгі жарыққа ұшып келеді. Барлық жерде дәнді, бұршақты дақылдарға зиян келтіреді (Асанова, Искаков [Asanova, Iskakov] 1976).

Lygus pratensis (Linnaeus), 1758. Хортобионт; мезофил (көбінесе өзендердің алқаптарында, алма және аралас ормандарда, сондай-ақ шөлейт жерлерде, далада, таулы және субальпілік шалғындарда, 800-2000 м); полифитофаг (жеміс, астық, бұршақ және бақша дақылдарына зиян келтіреді) (Асанова, Искаков [Asanova, Iskakov] 1976); поливольтинді; ересек дарасы қыстайды.

Halticus apterus apterus (Linnaeus, 1758). Хортобионт; мезофил (далалы, шөлейтті жерлерде, су жағалауларында, әртүрлі мезофитті шалғындарда, тауларда 800-1400 м); кең олигофитофаг (бұршақ шөптерінде: *Ononis*, *Vicia* және т.б.) (Асанова, Искаков [Asanova, Iskakov] 1976); моновольтинді; жұмыртқалары қыстайды.

Жер қандалалары тұқымдасы - Lygaeidae

Lygaeus equestris (Linnaeus, 1758). Герпетобхионт (ашық жерлердегі әртүрлі өсімдіктер арасында, түрлі шөптесін өсімдіктер астында); мезо-ксерофил; полифитофаг (көптеген өсімдіктердің құлаған тұқымдары және жасыл бөліктердің шырынымен қоректенеді) (Асанова, Искаков [Asanova, Iskakov] 1977); моновольтинді, ересек дарасы қыстайды.

Nysius ericae groenlandicus (Zetterstedt, 1838). Хортобионт; мезофил (тау бөктерінде, мезофитті биік таулы шалғындарда, ормандарда, өзендердің алқаптарында, далалы жерлердегі шалғынды өсімдіктерде); полифитофаг (түрлі шөптесін өсімдіктерде); бивольтинді; ересек дарасы қыстайды (Асанова [Asanova] 1986).

Nysius helveticus (Herrich-Schaeffer, 1850). Хортобионт; мезо-ксерофил (шалғындарда, алаңқайлар және құрғақ шалғындарда, жартасты беткейлерде; әртүрлі топырақтарда, сирек тұзды және ылғалды топырақтарда); полифитофаг (*Potentilla*, *Achillea*, *Artemisia*, *Tanacetum*, *Hypericum*, *Roa* және басқа шөптесінді өсімдіктерде); бивольтинді (Пучков [Puchkov] 1969); жұмыртқалары қыстайды.

Қызыл қандалалар тұқымдасы – Pyrrhocoridae

Pyrrhocoris apterus (Linnaeus, 1758). Герпетобхионт; мезофил (орман жиектері мен шалғындарында, орман белдеулері, саябақтар, орман екпелері және басқа мезофильді биотоптар; детриттер арасында; көбінесе өсімдіктерде, жерде, күн шуақты жерлерде, көбінесе үлкен топтар түзеді); зоофитофаг (ұсақ жәндіктер және кенелермен, сондай-ақ өлі жәндіктермен, құлаған тұқымдармен және өсімдіктердің жасыл бөліктерінің шырындарымен қоректенеді) (*Malva neglecta*, *Alcea rosea*, *Lavatera thuringiaca*, *Caragana arborescens*); бивольтинді; ересек дарасы қыстайды (Асанова [Asanova] 1962, 1971; Пучков [Puchkov] 1974).

Scantius aegyptius rossii Carapezza, Kerzhner & Rieger, 1998. Герпетобхионт (топырақта, кептірілген

өсімдіктердің қалдықтарының арасында тіршілік етеді); мезоксерофил (дала, орман жиектері мен шалғындары, сирек өсімдіктері бар таулардың жартасты беткейлері); зоофитофаг (ұсақ жәндіктер және күрделігүлділер, құлқайырлар, шаршыгүлділер және басқа да тұқымдастардың құлаған тұқымдарымен қоректенеді); бивольтинді (Пучков [Puchkov] 1974); ересек дарасы қыстайды.

Кенерелі, ромб тәрізді қандалалар тұқымдасы – Coreidae

Coreus marginatus (Linnaeus, 1758). Хортобионт (жылқы қымыздығында және басқа өсімдіктерде); мезофил (әртүрлі шалғындар, орман жиектері мен шалғындарында және басқа да ұқсас биотоптарда); кең олигофитофаг (көктемде оянғаннан кейін ересектер *Malus, Pyrus, Rubus, Salix* және т.б., содан кейін ересектер шөпті өсімдіктерге ауысады, дернәсілдері қарақұмықта: *Polygonium, Rumex, Rheum* (Пучков [Puchkov] 1962) дамиды; бивольтинді; ересек дарасы қыстайды. Кең таралған түр.

Syromastus rhombeus (Linnaeus, 1767). Хортобионт (әртүрлі шөптесінді өсімдіктерде, негізінен қалампырларда: *Arenaria, Cerastium* және т.б.); мезо-ксерофил (әртүрлі шалғындар, орман жиектері мен шалғындарында, құрғақ беткейлерде, жол жиектерінде және басқа да осындай жерлерде өсетін қалампырда); полифитофаг (*Arenaria, Cerastium, Silene, Alyssum* және басқа да шөптесінді өсімдіктерде); моновольтинді; ересек дарасы қыстайды (Пучков [Puchkov] 1962).

Шоқпарлылар тұқымдасы – Rhopalidae

Brachycarenum tigrinus (Schilling, 1829). Эврихортобионт; мезо-ксерофил (шөлейтті, далалы жерлерде, дала учаскелерінде ол рудеральды өсімдіктермен қоректенеді: жол жиектері, орман белдеулерінің жиектері және басқа да ұқсас жерлерде, тау бөктері мен таулы аймақтарда, субальпілік шалғындарда, 2400 м биіктікке дейін, сирек құмды шөлдерде); полифитофаг (*Asteraceae*, шаршыгүлділерде, басқа да тұқымдастардың өсімдіктерінде кездеседі, тұқым құрамымен қоректенеді); жылына 2-3 рет ұрпақ береді; ересек дарасы қыстайды (Пучков [Puchkov] 1986; Moulet, 1995).

Corizus hyoscyami hyoscyami (Linnaeus, 1758). Хортобионт; мезофил (орман шеті мен шалғындарында, қалыпты ылғалды шалғындар және басқа да ашық биотоптарда); полифитофаг (көктемде уақытша талдың гүлдерімен, қайың, қарағай және басқа да ағаштар және бұталармен қоректенеді; содан кейін ошаған, түймедақ, сүттіген және басқа да шөптесінді өсімдіктерге ауысады; негізгі қоректік өсімдіктері: *Hyoscyamus niger, Tabacum, Ononis spinosa, Erodium*, бұршақ зиянкестері болып саналады (Пучков [Puchkov] 1986); бивольтинді; ересек дарасы қыстайды. Кең таралған түр.

Stictipleurus punctatonevrosus (Goeze, 1778). Хортобионт; мезофил (мезофитті биоценоздарда: шалғындар, жиектер, орман белдеулері, саябақ типіндегі орман екпелері және басқа да ұқсас биотоптар); кең олигофитофаг (*Asteraceae* өсімдіктерінде) (Пучков [Puchkov] 1986); жылына 2-3 рет ұрпақ береді; ересек дарасы қыстайды.

Қалқаншалы тасбақашық қандалалар тұқымдасы – Scutelleridae

Eurygaster integriceps Puton, 1881. Хортобионт; мезо-ксерофил (ашық жерлерде: дала, жайылма, өңделген алқаптар және басқалары, тауларда 800 м-ге дейін ксеротоптық беткейлерде кездеседі); кең олигофитофаг (*Hordeum, Poa, Dactylus, Elytrigia, Agropyron* және дәнді дақылдарда, дәнді дақылдардың қауіпті зиянкесі болып табылады); моновольтинді; ересек дарасы қыстайды (Кержнер [Kerzhner] 2003).

Odontotarsus purpureolineatus (Rossi, 1790). Хортобионт (*Artemisia, Salvia, Phlomis, Centaurea, Tanacetum, Stachys, Origanus*, күрделігүлділермен, дәнді дақылдармен және басқа да көптеген өсімдіктермен қоректік байланыста); мезо-ксерофил (шөлейт, дала және орманды дала аймақтарындағы құрғақ биотоптар, тау бөктерінде, тау етегі және субальпілік шалғындар, 800-2300 м); полифитофаг (*Salvia, Phlomis tuberosa, Carduus, Pyrethrum, Centaurea, Hieracium, Scabiosa, Ajuga*, т.б. негізінен генеративті бөліктерімен қоректенеді); моновольтинді; ересек дарасы қыстайды (Кержнер [Kerzhner] 1964; Пучков [Puchkov] 1961).

Нағыз қалқаншалылар тұқымдасы – Pentatomidae

Aelia furcula Fieber, 1868. Хортобионт; мезо-ксерофил (шөлейт, дала, ашық жерлер және дала биотоптары, төмен таулы шалғындар, 800-1600 м дейін); кең олигофитофаг (дәнді дақылдарда); Қазақстанда дәнді дақылдарға бірнеше рет елеулі зиян келтірген кең таралған түр; моновольтинді; ересек дарасы қыстайды. Бидай дақылдары балауыздың пісуі кезінде айтарлықтай зақымдалады. Бұған дейін К.А. Сливкина [Slivkina] (1971) дәнді дақылдардың зиянкесі ретінде атап өткен болатын.

Anthemina lunulata (Goeze, 1778). Хортобионт; мезо-ксерофил (дала, шөлейт, жайылма және төмен таулы шалғындар, 800-1300 м, жол жиектері мен орман белдеулері); полифитофаг (*Compositae, Umbelliferae*, жусан *Euphorbia, Lynosiris* және т.б. өсімдіктер; моновольтинді; ересек дарасы қыстайды (Пучков [Puchkov] 1961).

Carpocoris fuscispinus (Boheman, 1851). Хортобионт (әртүрлі шөптесінді өсімдіктерде); мезоксерофил (орман шеттері мен шалғындары, орман белдеулері, саябақтар және басқа да шөптер бар жерлер; көбінесе дала алқаптарында); полифитофаг (на *Verbascum, Achillea, Artemisia, Senecio, Carduus, Cirsium, Centaurea, Jurinea, Crepis, Salvia, Lepidium, Rumex, Malva, Poa, Festuca, Hyoscyamus* және басқа да шөптесін өсімдіктерде (Пучков [Puchkov] 1965); моновольтинді; ересек дарасы қыстайды.

Carpocoris purpureipennis (De Geer, 1773). Хортобионт; мезофил (дала және орман аймақтарында, жайылмаларда, тауларда т.д.- нен 700-1000 м-ге дейін, мезофитті шалғындарда, орман шеттері мен алқаптарында, орман белдеулерінің жиектерінде, саябақтарда және әртүрлі шөптері бар басқа жерлерде); полифитофаг (күрделігүлділер, шатыргүлділер, ерінгүлділер, дәнді дақылдарда); моновольтинді; ересек дарасы қыстайды (Кириченко [Kirichenko] 1951; Пучков [Puchkov] 1965).

Chlorochroa juniperina juniperina (Linnaeus, 1758). Дендробионт; мезофил (тау бөктері, субальпілік белдеу); кең олигофитофаг (балқарағайда, кәдімгі қарағайда, аршада); моновольтинді; ересек дарасы қыстайды. Жаңа ұрпақ тамыз айының басында (Йосифов [Yosifov] 1981).

Codophila varia varia (Fabricius, 1787). Хортобионт(әртүрлі шөптесінді өсімдіктерде); мезофил (дала, шөлейт, тауларда 1000 м-ге дейін, әртүрлі ашық жерлерде); полифитофаг (*Verbascum, Achillea, Centaurea, Jurinea, Lepidium, Echium, Salvia, Kochia, Asperula, Eryngium* және шаршыгүлділерде); бивольтинді; ересек дарасы қыстайды (Пучков [Puchkov] 1965).

Dolycoris baccarum (Linnaeus, 1758). Эврихортобионт; мезофил (барлық жерде кең таралған, әртүрлі мезофиттік биотоптарда, егістіктерде, бақтарда, өзендер мен аңғарларда); полифитофаг (көптеген тұқымдастардың өсімдіктерінде; қыстағаннан кейін ересектер көптеген ағаш түрлерінің өсімділері мен бүршіктерінде қоректенеді, ал күзде ересектер олардың тұқымдары мен жемістерінің құрамын сорады, мәдени өсімдіктердің зиянкестері); моновольтинді; ересек дарасы қыстайды. Олардың қоректенуі 24 тұқымдасқа жататын өсімдіктердің 58 түрінде жүреді (Каменкова [Kamenkova] 1958). Зиянкестігі көптеген мәдени өсімдіктерде - бидай, жүгері, картоп және басқа өсімдіктерде байқалады (Асанова, Искаков [Asanova, Iskakov] 1977).

Palomena prasina (Linnaeus, 1761). Дендро-тамнобионт(ағаштарда, имаго қыстаудан шыққаннан кейін ашық жерлерге, соның ішінде мәдени алқаптарға ұшады, кейінірек олар ормандарға оралады, бірақ негізінен шеттерде қалады; личинкалар шөпті өсімдіктер мен бұталарда дамиды); мезофил (алма және аралас орман); полифитофаг (көбінесе бұталар мен ағаштарда: *Ribes, Rubus, Rosa, Quercus, Crataegus, Prunus, Sorbus, Acer, Fraxinus, Tilia, Betula, Alnus* және т.б.); моновольтинді; ересек дарасы қыстайды. Жаңа ұрпақ тамыз айының басында (Йосифов [Yosifov] 1981).

Eurydema oleracea (Linnaeus, 1758). Хортобионт; мезофил (дала, жайылма, шөлейт жерлер, ормандар, субальпілік шалғындар, 800-2400 м, шалғындар, даладағы сайларда және басқа да көп немесе аз ылғалданған биотоптар); кең олигофитофаг (әртүрлі шаршыгүлділерде); бивольтинді; ересек дарасы қыстайды (Петрова [Petrova] 1975; Пучков [Puchkov] 1965).

Eurydema ornata (Linnaeus, 1758). Хортобионт; мезофил (дала, шөлейт, тау бөктері, 900 м дейін, шалғындар және басқа да көп немесе аз ылғалданған биотоптар); кең олигофитофаг (әртүрлі жабайы және мәдени шаршыгүлділерде; бивольтинді; ересек дарасы қыстайды (Петрова [Petrova] 1975; Пучков [Puchkov] 1965).

Graphosoma lineatum Linnaeus, 1758. Хортобионт; мезофил (барлық жерде, жазық және таулы жерлерде кездеседі, жайылмалы шалғындар мен басқа да орташа ылғалды биотоптарға, тауларда 900-2400 м); кең олигофитофаг (әртүрлі шатыргүлділерде) Umbelliferae; ересектері мен дернәсілдері негізінен генеративті органдарда (Пучков [Puchkov] 1965); моновольтинді; ересек дарасы қыстайды.

Apodiphus integriceps Horvath, 1888. Дендробионт (теректерде, алма ағаштарында, сондай-ақ талдарда, қарағаштарда, шынарларда және басқа да ағаштарда, негізінен елді мекендерде); мезофил; полифитофаг; моновольтинді; ересек дарасы қыстайды. Тұт пен жидеге зиян келтіреді (Гидаятов [Gidayatov] 1982).

Кесте 1 - Сайрам-Өгем МҰТП жартылай қаттықанаттыларының таксондық құрамы, биологиясы мен экологиясы, 2021 жыл

Table 1 - Taxonomic composition, biology and ecology of the hemiptera of the Sairam-Ugam SNNP, 2021

| Тұқымдас | Түр | Биологиясы мен экологиясы | % |
|----------|--|---|----|
| Miridae | <i>Deraeocoris olivaceus</i> (Fabricius, 1777) | Дендробионт; мезофил; зоофитофаг; моновольтинді; ересек дарасы қыстайды | 20 |

| | | | |
|--------------|---|---|----|
| | <i>Adelphocoris lineolatus</i> (Goeze, 1778) | Хортобионт; мезофил; полифитофаг; жылына 2-3 рет ұрпақ береді; жұмыртқасы қыстайды | |
| | <i>Brachycoleus decolor</i> Reuter, 1887 | Хортобионт; мезофил; полифитофаг; моновольтинді; жұмыртқасы қыстайды | |
| | <i>Lygus gemellatus gemellatus</i> (Herrich-Schaeffer, 1835) | Хортобионт; мезофил; полифитофаг; бивольтинді; ересек дарасы қыстайды | |
| | <i>Lygus pratensis</i> (Linnaeus), 1758 | Хортобионт; мезофил; полифитофаг; поливольтинді; ересек дарасы қыстайды | |
| | <i>Halticus apterus apterus</i> (Linnaeus, 1758) | Хортобионт; мезофил; кең олигофитофаг; моновольтинді; жұмыртқасы қыстайды | |
| Lygaeidae | <i>Lygaeus equestris</i> (Linnaeus, 1758) | Герпето-хортобионт; мезо-ксерофил; полифитофаг; моновольтинді, ересек дарасы қыстайды | |
| | <i>Nysius ericae groenlandicus</i> (Zetterstedt, 1838) | Хортобионт; мезофил; полифитофаг; бивольтинді; ересек дарасы қыстайды | 10 |
| | <i>Nysius helveticus</i> (Herrich- Schaeffer, 1850) | Хортобионт; мезо-ксерофил; полифитофаг; бивольтинді; жұмыртқасы қыстайды | |
| Pyrrocoridae | <i>Pyrrocoris apterus</i> (Linnaeus, 1758) | Герпетобионт; мезофил; зоофитофаг; бивольтинді; ересек дарасы қыстайды | |
| | <i>Scantius aegyptius rossii</i> Carapezza, Kerzhner & Rieger, 1998 | Герпетобионт; мезоксерофил; зоофитофаг; бивольтинді; ересек дарасы қыстайды | 7 |
| Coreidae | <i>Coreus marginatus</i> (Linnaeus, 1758) | Хортобионт; мезофил; кең олигофитофаг; бивольтинді; ересек дарасы қыстайды | |
| | <i>Syromastus rhombeus</i> (Linnaeus, 1767) | Хортобионт; мезо-ксерофил; полифитофаг; моновольтинді; ересек дарасы қыстайды | 7 |
| Rhopalidae | <i>Brachycarenum tigrinus</i> (Schilling, 1829) | Эврихортобионт; мезо-ксерофил; полифитофаг; жылына 2-3 рет ұрпақ береді; ересек дарасы қыстайды | 10 |
| | <i>Corizus hyoscyami</i> <i>hyoscyami</i> (Linnaeus, 1758) | Хортобионт; мезофил; полифитофаг; бивольтинді; ересек дарасы қыстайды | |
| | <i>Stictipleurus</i> <i>punctatonervosus</i> (Goeze, 1778) | Хортобионт; мезофил; кең олигофитофаг; жылына 2-3 рет ұрпақ береді; ересек дарасы қыстайды | |

| | | | |
|---------------|---|--|-----|
| Scutelleridae | <i>Eurygaster integriceps</i> Puton, 1881 | Хортобионт; мезо-ксерофил; кең олигофитофаг; моновольтинді; ересек дарасы қыстайды | 6 |
| | <i>Odontotarsus purpureolineatus</i> (Rossi, 1790) | Хортобионт; мезо-ксерофил; полифитофаг; моновольтинді; ересек дарасы қыстайды | |
| Pentatomidae | <i>Aelia furcula</i> Fieber, 1868 | Хортобионт; мезо-ксерофил; кең олигофитофаг; моновольтинді; ересек дарасы қыстайды | 40 |
| | <i>Anthemina lunulata</i> (Goeze, 1778). | Хортобионт; мезо-ксерофил; полифитофаг; моновольтинді; ересек дарасы қыстайды | |
| | <i>Carpocoris fuscispinus</i> (Boheman, 1851) | Хортобионт; мезоксерофил; полифитофаг; моновольтинді; ересек дарасы қыстайды | |
| | <i>Carpocoris purpureipennis</i> (De Geer, 1773) | Хортобионт; мезофил; полифитофаг; моновольтинді; ересек дарасы қыстайды | |
| | <i>Chlorochroa juniperina juniperina</i> (Linnaeus, 1758) | Дендробионт; мезофил; кең олигофитофаг; моновольтинді; ересек дарасы қыстайды | |
| | <i>Codophila varia varia</i> (Fabricius, 1787) | Хортобионт; мезофил; полифитофаг; бивольтинді; ересек дарасы қыстайды | |
| | <i>Dolycoris baccarum</i> (Linnaeus, 1758) | Эврихортобионт; мезофил; полифитофаг; моновольтинді; ересек дарасы қыстайды | |
| | <i>Palomena prasina</i> (Linnaeus, 1761) | Дендро-тамнобионт; мезофил; полифитофаг; моновольтинді; ересек дарасы қыстайды | |
| | <i>Eurydema oleracea</i> (Linnaeus, 1758) | Хортобионт; мезофил; кең олигофитофаг; бивольтинді; ересек дарасы қыстайды | |
| | <i>Eurydema ornata</i> (Linnaeus, 1758) | Хортобионт; мезофил; кең олигофитофаг; бивольтинді; ересек дарасы қыстайды | |
| | <i>Graphosoma lineatum</i> Linnaeus, 1758 | Хортобионт; мезофил; кең олигофитофаг; моновольтинді; ересек дарасы қыстайды. | |
| | <i>Apodiphus integriceps</i> Horvath, 1888 | Дендробионт; мезофил; полифитофаг; моновольтинді; ересек дарасы қыстайды | |
| 7 | 30 | | 100 |

Қорытынды

2021 жылы жүргізілген зерттеулер нәтижесінде Сайрам-Өгем МҰТП аумағында жартылай қаттықанаттылардың 7 тұқымдасының 30 түрі анықталды. Олардың ішінде түр әртүрлілігімен ерекшеленетін тұқымдастар Pentatomidae – 12 түр (40%), Miridae - 6 түр (20%), Lygaeidae және Rhopalidae 3 түрден (10%), қалған 3 тұқымдастан 2 түрден ғана белгілі.

Сайрам-Өгем МҰТП жартылай қаттықанаттылардың тіршілік ету орталарына байланысты бірнеше топқа бөлінеді: дендробионттар (3 түр), дендро-тамнобионттар (1 түр), хортобионттар (21 түр), герпетобионттар (2 түр), герпето-хортобионттар (1 түр), эпигебионттар (1 түр), эврихортобионттар (2 түр).

1-кестеде Сайрам-Өгем МҰТП жартылай қаттықанаттыларының фаунасында мезофильді түрлер (20 түр) басым, яғни олардың 70%, мезоксерофилдер (10 түр, 30%). Түрлердің бұл арақатынасы жартылай қаттықанаттылардың мезофильді фаунаының Сайрам-Өгем МҰТП фаунасына қатты әсер ететіндігін көрсетеді.

Жартылай қаттықанаттылардың қоректенуі өте алуан түрлі. Қоректенуіне байланысты олардың арасында өсімдікқоректілер (27 түр, 90%): полифагтар – 18 түр (60%), кең олигофагтар – 9 түр (30%) және аралас қоректі түрлер (3 түр, 10%) бар, олар өсімдіктер және жануарлармен қоректенеді.

Жартылай қаттықанаттылардың маусымдық дамуы гетеродинамикалық. Популяция вольтинизмі жыл сайынғы ұрпақтар санын көрсетеді. Жылына ұрпақтар саны бойынша Сайрам-Өгем МҰТП-ның жартылай қаттықанатты түрлерін бірнеше топқа бөлуге болады: 1) моновольтинді (16 түрі), 2) бивольтинді (10 түрі), 3) жылына 2-3 рет ұрпақ беретін түрлер (3 түрі), 5) поливольтинді (1 түрі).

Жартылай қаттықанаттылар әртүрлі даму сатысында қыстайды. Көптеген түрлерде қысқы диапауза ересектер сатысында жүреді (26 түрі, 87%), бірақ жұмыртқа сатысында аз түрлер қыстайды (4 түрі, (13%)), көпшілігі Miridae тұқымдасы өкілдері.

ӘДЕБИЕТТЕР

Kerzhner I.M. 2003. Notes on synonymy, nomenclature, and distribution of some Palaearctic Coreoidea and Pentatomoidea (Heteroptera). Zoosyst. Ros. St. Petersburg. Vol. 12 (1). P. 101-107.

Moulet P. 1995. Hemipteres Coreoidea, Pyrrhocoridae et Stenocephalidae Euro-Mediterraneens. Federation Française des sociétés de sciences naturelles. Paris. T. 81. 336 p.

Асанова Р.Б. 1962. Настоящие полужесткокрылые (Hemiptera – Heteroptera) Центрального Казахстана. Мат-лы 1 научн. конф. молодых ученых АН КазССР. Алма-Ата. С. 276-277.

Асанова Р.Б. 1971. Полужесткокрылые (Heteroptera) Юго-Восточного Казахстана. В сб.: «Фауна и биология насекомых Казахстана». Алма-Ата: «Наука» КазССР. С. 121-135.

Асанова Р.Б. 1986. Полужесткокрылые (Heteroptera) Восточного Казахстана. (Деп. ВИНТИ №7506-В86). Алма-Ата. 15 с.

Асанова Р.Б., Искаков Б.В. 1976. К изучению вредных и полезных полужесткокрылых (Heteroptera) Северного Казахстана. «Вестник с.-х. науки Казахстана». Алма-Ата. Вып. 5. С. 43-46.

Асанова Р.Б., Искаков Б.В. 1977. Вредные и полезные полужесткокрылые (Heteroptera) Казахстана. Определитель. Изд-во «Кайнар». Алма-Ата. 204 с.

Асанова Р.Б., Чилдибаев Д.Б. 1976. Вредные и полезные полужесткокрылые (Heteroptera) Южного и Западного Казахстана. Вестн. с.-х. науки Казахстана. Алма-Ата. Вып. 5. С. 43-46.

Гидаятов Д.А. 1982. Полужесткокрылые группы пентатомоморфа Азербайджана. Изд-во Элм. Баку, 1982. 160 с.

Йосифов М. 1981. Heteroptera, Pentatomoidea. Фауна на България. София. Изд. Бълг.АН. Т. 12. 205 с.

Каменкова К.В. 1958. Биология и экология годного клопа *Dolycoris baccarum* дополнительного хозяина яйцеедов черепашки в Краснодарском крае. Энтомол. обзор. Ленинград. Том XXXVII. Вып. 3. С. 563-579.

Кержнер И.М. 1964. Новые и малоизвестные полужесткокрылые (Heteroptera) из Казахстана и других районов СССР. Тр. Зоол. инст-та АН СССР. Новые виды насекомых фауны Казахстана. Ленинград. Т. 34. С. 113-130.

Кириченко А.Н. 1951. Настоящие полужесткокрылые (Heteroptera) европейской части СССР. Москва - Ленинград. Изд-во АН СССР. 423 с.

Кириченко А.Н. 1957. Методы сбора настоящих полужесткокрылых и изучения местных фаун. Изд-во АН СССР. Москва – Ленинград. 124 с.

Кулик С.А. 1978. Методы сбора и изучения полужесткокрылых насекомых (Heteroptera), обитающих на деревьях, кустарниках и травянистых растениях Сибири. Насекомые Восточной Сибири и Дальнего Востока. Иркутск. С. 7-19.

Палий В.Ф. 1970. Методика изучения фауны и фенологии насекомых. Воронеж. 192 с.

Петрова В.П. 1975. Щитники Западной Сибири (Hemiptera, Pentatomidae). Новосибирск. 236 с.

Пучков В.Г. 1961. Щитники. Фауна Украины. Вид. АН УРСР. Київ. Т. 21. Вип. 1. 339 с.

Пучков В.Г. 1962. Крайовики. Фауна Украины. Вид. АН УРСР. Київ. Т. 21. Вип. 2. 163 с.

Пучков В.Г. 1965. Щитники Средней Азии (Hemiptera, Pentatomidea). Фрунзе. Илим. 329 с.

Пучков В.Г. 1969. Лігеїди. Фауна України. Киев. Т. 21, вып. 3. 388 с.

Пучков В.Г. 1974. Беритиди, червоноклопи, піезматиди, підкорники і тингіди. Фауна України. Київ. Т.21. Вип. 4. 332 с.

Пучков В.Г. 1986. Полужесткокрылые семейства Rhopalidae (Heteroptera) фауны СССР. Ленинград: Наука, 132 с.

Сливкина К.А. 1958. Вредители деревьев и кустарников лесных насаждений в степных и лесостепных районах северных районов Казахстана. Труды КазИЗР. Т. 4. С. 160-171.

Фасулати К.К. 1971. Полевое изучение наземных беспозвоночных. ВШ. Москва. 424 с.

REFERENCES

Asanova R.B. 1962. True hemiptera (Hemiptera-Heteroptera) Central Kazakhstan. Mat-ly 1 scientific conf. of young scientists of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. Alma-Ata. P. 276-277. [in Russ.].

Asanova R.B. 1971. Hemiptera (Heteroptera) of Southeastern Kazakhstan. In the collection: «Fauna and biology of insects of Kazakhstan». Alma-Ata. Publishing house «Science» of the Kazakh SSR. P. 121-135. [in Russ.].

Asanova R.B. 1986. Hemiptera (Heteroptera) East Kazakhstan. (Dep. VINITI No. 7506-B86). Alma-Ata. 15 p. [in Russ.].

Asanova R.B., Childibaev D.B. 1976. Harmful and useful hemiptera (Heteroptera) Southern and Western Kazakhstan. Vestn. S.-H. sciences of Kazakhstan. Alma-Ata. Issue 5. P. 43-46. [in Russ.].

Asanova R.B., Iskakov B.V. 1976. On the study of harmful and useful hemipteran (Heteroptera) Of Northern Kazakhstan. «Bulletin of Agricultural Science of Kazakhstan». Alma-Ata. Issue 5. P. 43-46. [in Russ.].

Asanova R.B., Iskakov B.V. 1977. Harmful and useful hemiptera (Heteroptera) Kazakhstan. Determinant. Kainar Publishing House. Alma-Ata. 204 p. [in Russ.].

Fasulati K.K. 1971. Field study of terrestrial invertebrates. Moscow. VSH. 424 p. [in Russ.].

Gidayatov D.A. 1982. Heteroptera groups of the Pentatomomorph of Azerbaijan. Elm Publishing House. Baku. 160 p. [in Russ.].

Iosifov M. 1981. Heteroptera, Pentatomoidea. Fauna of Bulgaria. Sofia. Ed. Bulg. AN. Ti. 12. 205 p. [in Bulg.].

Kamenkova K. V. 1958. Biology and ecology of the berry bug *Dolycoris baccarum*-an additional host of egg-eating turtles in the Krasnodar Territory. Entomological review. Leningrad. Volume XXXVII. Issue 3. P. 563-579. [in Russ.].

Kerzhner I.M. (1964). New and little-known semi-hard-winged (Heteroptera) from Kazakhstan and other districts of the USSR. TR. Zool. Inst-ta of the USSR Academy of Sciences. New species of insect fauna in Kazakhstan. Leningrad. Vol. 34. P. 113-130. [in Russ.].

Kerzhner I.M. 2003. Notes on synonymy, nomenclature, and distribution of some Palaeartic Coreoidea and Pentatomoidea (Heteroptera). Zoosyst. Ros. St. Petersburg. Vol. 12 (1). P. 101-107.

Kirichenko A.N. 1951. True hemiptera (Heteroptera) of the European part of the USSR. Moscow-Leningrad: Publishing House of the USSR Academy of Sciences. 423 p. [in Russ.].

Kirichenko A.N. 1957. Methods of collecting real hemiptera and studying local faunae. Moscow-Leningrad: Publishing House of the USSR Academy of Sciences. 124 p. [in Russ.].

Kulik S.A. 1978. Methods of collecting and studying semi-hard-winged insects (Heteroptera) living on trees, shrubs and herbaceous plants of Siberia. Insects of Eastern Siberia and the Far East. Irkutsk. P. 7-19. [in Russ.].

Moulet P. 1995. Hemipteres Coreoidea, Pyrrhocoridae et Stenocephalidae Euro-Mediterraneens. Federation Francaise des societies de sciences naturelles. Paris. T. 81. 336 p.

Paliy V.F. 1970. Methodology for studying the fauna and phenology of insects. Voronezh, 192 p. [in Russ.].

- Petrova V.P. 1975. Pentatomoidea of Western Siberia (Hemiptera, Pentatomidae). Novosibirsk. 236 p. [in Russ.].
- Puchkov V.G. 1961. Pentatomoidea. Fauna of Ukraine. ED. of the Academy of Sciences of the Ukrainian SSR. Kiev. Vol. 21. Issue 1. 339 p. [in Russ.].
- Puchkov V.G. 1962. Coreidae. Fauna of Ukraine. View. AN URSS. Kiev. Vol. 21. Vip. 2. 163 p. [in Russ.].
- Puchkov V.G. 1965. Pentatomoidea of Central Asia (Hemiptera, Pentatomidea). Frunze: Ilim. 329 p. [in Russ.].
- Puchkov V.G. 1969. Lygaeidae. Fauna of Ukraine. Kiev. Vol. 21, issue 3. 388 p. [in Ukr.].
- Puchkov V.G. 1974. Berytidae, Pyrrhocoridae, Piezmatidae, Aradidae and Tingidae. Fauna of Ukraine. Kiev. Vol. 21. Vip. 4. 332 p. [in Ukr.].
- Puchkov V.G. 1986. Hemiptera of the family Rhopalidae (Heteroptera) of the fauna of the USSR. Leningrad: Science. 132 p. [in Russ.].
- Slivkina K.A. 1958. Pests of trees and shrubs of forest plantings in the steppe and forest-steppe regions of the northern regions of Kazakhstan. Proceedings of KazIZR. Vol. 4. P.160-171. [in Russ.].

Есенбекова П.А., Сапаралы А. Материалы к фауне Полужесткокрылых (Heteroptera) Сайрам-Угамского государственного национального природного парка

Аннотация. В статье представлены результаты исследований авторов 2021 года по полужесткокрылым Сайрам-Угамского ГНПП. Полужесткокрылые – один из наиболее своеобразных отрядов насекомых, заселяющих самые разнообразные биотопы и играющих важную роль в биологических процессах в биогеоценозах. Среди клопов много видов хищных или со смешанным питанием, но преобладают растительноядные формы; периодически размножаясь в массовом количестве, они наносят существенный вред лесным и сельскохозяйственным культурам. А хищные полужесткокрылые биологическим путем регулируют численность вредителей и приносят большую пользу. В 2021 году исследования проводились в урочище Сайрамсу. В результате исследований выявлено из 7 семейств 30 видов полужесткокрылых. Среди них по видовым разнообразием выделяются сем. Pentatomidae – 12 видов (40%), Miridae – 6 видов (20%), Lygaeidae и Rhopalidae по 3 вида (10%), в остальных 3 семействах известны по 2 видам. По приуроченности к местам обитания полужесткокрылые Сайрам-Угамского ГНПП подразделяются на несколько групп: дендробионты (3 вида), дендро-тамнобионты (1 вид), хортобионты (21 вид), герпетобионты (2 вида), герпето-хортобионты (1 вид), эврехортобионты (2 вида). В фауне полужесткокрылых Сайрам-Угамского ГНПП мезофильные виды (20 видов) преобладают, т.е. их 70%, мезоксерофилов (10 видов) 30%. Данное соотношение видов говорит о сильнейшем влиянии мезофильной фауны полужесткокрылых на фауну Сайрам-Угамского ГНПП. Питание полужесткокрылых чрезвычайно разнообразно. По пищевым связям среди клопов выделяются растительноядные виды (27 видов, 90%) и виды со смешанным питанием (3 вида, 10%), потребляющие как растительную, так и животную пищу. По числу поколений в год все виды полужесткокрылых Сайрам-Угамского ГНПП можно разделить на несколько групп: 1) моновольтинные (16 видов), 2) бивольтинные (10 видов), 3) имеющие 2-3 поколения в году (3 вида), 5) поливольтинные (1 вид). Для полужесткокрылых характерна зимовка на разных стадиях развития. У большинство видов зимняя диапауза происходит на стадии имаго (26 видов, 87%), но немногие виды зимуют в стадии яйца (4 вида, 13%).

Ключевые слова. Сайрам-Угамский государственный национальный природный парк, ущелье Сайрамсу, полужесткокрылые.

Esenbekova P. A., Saparaly A. Materials for the fauna of Hemiptera (Heteroptera) Sairam-Ugam State National Natural Park

Annotation. The article presents the results of the authors' research in 2021 on the Heteroptera of the Sairam-Ugam SNNP. Hemiptera are one of the most peculiar orders of insects that inhabit a wide variety of biotopes and play an important role in biological processes in biogeocenoses. There are many predatory or mixed-food species among bedbugs, but herbivorous forms predominate; periodically multiplying in large numbers, they cause significant harm to forest and agricultural crops. And predatory hemiptera biologically regulate the number of pests and bring great benefits. As a result of the research, 30 species of hemiptera from 7 families were identified. Among them, according to the species diversity, the sem are distinguished. Pentatomidae – 12 species, Miridae-6 species, Lygaeidae and Rhopalidae-3

species each, in the remaining 3 families, 2 species are known. According to their proximity to the habitats, the hemiptera of the Sairam-Ugam SNNP are divided into several groups: dendrobionts (3 species), dendrobionts (1 species), hortobionts (20 species), herpetobionts (2 species), herpetobionts (1 species), eurychortobionts (2 species). Mesophilic species predominate in the fauna of hemiptera of the Sairam-Ugam GNPP, 70% of them, and 30% of mesoxerophiles. This ratio of species indicates the strongest influence of the mesophilic fauna of hemiptera on the fauna of the Sairam-Ugam SNNP. The diet of hemiptera is extremely diverse. According to food relations, phytophages (90%) and zoophytophages (10%) are distinguished among bedbugs, consuming both plant and animal food. According to the number of generations per year, the hemiptera of the Sairam-Ugam SNNP can be divided into several groups: 1) monovoltine (16 species), 2) bivoltine (10 species), 3) having 2-3 generations per year (3 species), 5) polyvoltine (1 species). Hemiptera are characterized by wintering at different stages of development. In most species, winter diapause occurs at the imago stage (87%), but few species overwinter in the egg stage (13%).

Keywords. Sairam-Ugam State National Natural Park, Sairamsu Gorge, hemiptera.

ӘОЖ 595.754 <https://doi.org/10.54944/kzbdh348fp15>

Алматы қаласындағы жартылай қаттықанаттылардың (Heteroptera) фаунасы

¹Есенбекова П.А., ²Орынбек М.С.¹ҚР БҒМ ҒК «Зоология институты» РМК, әл. Фараби, даңғылы, Алматы, 050060, ҚазақстанE-mail: esenbekova_periz@mail.ru²Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Қазыбек би, 30, Алматы, 050010, Қазақстан.E-mail: moldir_8161@mail.ru

Тұжырым. Мақалада авторлардың Алматы қаласы аумағында 2020-2021 жылдары жүргізген зерттеулерінің нәтижелері берілген. Зерттеу жұмыстары қаладағы жартылай қаттықанаттылар немесе қандалалардың фаунасына, биологиясына және экологиясына арналған. Жартылай қаттықанаттылар немесе қандалалар - практикалық маңызы бар жәндіктердің ең көп таралған тобы. Жартылай қаттықанаттылар қала аумағында кең таралған. Олар биологиялық жағынан алуантүрлі топ. Материалды жинау кезінде стандартты энтомологиялық әдістер қолданылды - энтомологиялық сүзгімен жинау, эксгаустермен ұсақ жәндіктерді, түнде жасанды жарық көзіне ұстау, қолмен жинау және т.б. Алматы қаласының жартылай қаттықанаттыларын зерттеу нәтижесінде 4 тұқымдастың 43 түрі анықталды. Түрлердің саны бойынша басым тұқымдастар: Miridae - 22 түр (51%), Anthocoridae - 9 түр (21%) және Tingidae, Nabidae - 6 түрден (14%). Олардың ішінде *Stenodema calcarata*, *Lygus pratensis*, *Lygus rugulipennis*, *Adelphocoris lineolatus*, *Deraeocoris punctulatus*, *Nabis ferus* жиі кездесетін түрлер, 21 әдеттегі түрлер, 16 түр сирек кездеседі. Алматы қаласының жартылай қаттықанаттылары тіршілік ету орталарына байланысты бірнеше топқа бөлінеді: дендробионттар (10 түр), дендро-тамно-хортобионттар (2 түр), дендро-тамнобионттар (1 түр), хортобионттар (20 түр), герпетобионттар (1 түр), дендро-хортобионттар (3 түр), тамно-хортобионттар (4 түр). Алматы қаласындағы жартылай қаттықанаттыларға вольтинизмнің барлық 4 түрі тән. Жылына беретін ұрпақтар саны бойынша Алматы қаласының жартылай қаттықанаттыларын бірнеше топқа бөлуге болады: 1) моновольтинді (14 түр), 2) бивольтинді (15 түр), 3) жылына 2-3 ұрпағы бар (10 түр), 4) поливольтинді (4 түр). Жартылай қаттықанаттылардың биологиясы мен экологиясы біркелкі зерттелмеген. Алматы қаласының жартылай қаттықанатты түрлері мезофильді түрлерге жатады. Жартылай қаттықанаттылар толық түрленіп дамитын жәндіктерге жатады және дамудың келесі кезеңдерінен өтеді - жұмыртқа, дернәсіл және ересек дара. Олар дамудың әртүрлі кезеңдерінде қыстайды. Алматы қаласының көптеген түрлерінде қысқы диапауза ересектер сатысында болады (29 түр), ал біраз түрлері жұмыртқа сатысында қыстайды (14 түр).

Кілт сөздер. Жартылай қаттықанаттылар, Heteroptera, фауна, Алматы қаласы.

Кіріспе

Жартылай қаттықанаттылар немесе қандалалар биологиялық тұрғыдан өте алуан түрлі топ. Онда су және құрлық өкілдері кездеседі, соңғыларының арасында ашық және жасырын тіршілік ететін түрлер де кездеседі, яғни тастардың астында, ағаш қабығының астында, топырақта және т.б. Өсімдікқоректі түрлер көбірек, бірақ жыртқыш түрлер табиғатта жиі кездеседі. Өсімдіктер мен олардың шырындарымен қоректену жартылай қаттықанаттылардың көпшілігіне тән, ал жыртқыш түрлер буынаяқтылармен қоректенеді. Жартылай қаттықанаттылар биологиясы мен экологиясы біркелкі зерттелмеген. Белгілі бір экологиялық топтарды бөлу аймақтық флора мен фаунаны егжей-тегжейлі зерттеуде кеңінен қолданылады. Мұндай талдау бойынша ұсыныстар көптеген экологиялық нұсқаулықтарда бар (Яхонтов [Yakhontov] 1969; Чернова, Былова [Chernova, Bylova] 1988).

Материал және зерттеу әдістері

Материалдарды жинау барысында авторлар зерттеу жұмыстарын 2020-2021 жылдары Алматы қаласының аумағында өткізді. Материалды жинау кезінде стандартты энтомологиялық әдістер қолданылды: энтомологиялық сүзгімен жинау, ұсақ жәндіктерді эксгаустермен, түнгі жарыққа аулау, қолмен жинау және т.б. (Кириченко [Kirichenko] 1957; Палий [Paliy] 1970; Фасулати [Fasulati] 1971.)

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу нәтижесінде анықталған жартылай қаттықанаттылар түрлерінің аннотациялық тізімі төменде берілген.

Шілтерлі қандалалар тұқымдасы - Tingidae

Ұзындығы 5 миллиметрден аспайтын кішкентай қандалалар. Денесі сопақша немесе ұзын. Көбіне ересек даралары қыстайды, кейде дернәсілдері сатысында қыстайды. Қандалалар шөптесін өсімдіктердің, ағаштардың және бұталардың жапырақтарында, сондай-ақ мүктерде кездеседі. Олар үлкен топ болып жинала алады. Көпшілік шілтерлі қандалалардың қоректену жүйесі аз қоректенуге бейімделген (Лер [Ler] 1988).

Monosteira discoidalis (Jakovlev, 1883). Дендробионт (жапырақты ағаштарда, айтарлықтай зиян келтіреді); мезофил, көбінесе жол бойындағы егістік алқаптарда, саябақтарда, қалалық демалыс орындарында кездеседі (Лер [Ler] 1988); кең олигофитофаг; бивольтинді; ересек дарасы қыстайды.

Monosteirainermis Horvath, 1899. Дендробионт; мезофил; кең олигофитофаг (жапырақты ағаштарда); бивольтинді; ересек дарасы қыстайды (Adler, 2017).

Monosteira unicostata (Mulsant & Rey, 1852). Дендробионт (тораңғы, тал, терек, қарағашта); мезофил; кең олигофитофаг (өсімдіктердің қалыпты өсуіне әсер ететін жапырақтарды зақымдайды); бивольтинді; ересек дарасы қыстайды (Adler, 2017).

Physatocheila distinguenda Jakovlev, 1880. Тамно-дендробионт; мезофил (өзендердің жайылмалары мен атыраптарында); тар олигофитофаг (талда *Salix*); моноволтинді; ересек дарасы қыстайды.

Stephanitis pyri (Fabricius, 1775). Тамно-дендробионт (ағаштар мен бұталарда); мезофил; полифитофаг; жылына 2-3 ұрпақ береді; ересек дарасы қыстайды (Adler, 2017).

Tingis pilosa (Hummel, 1825). Хортобионт; мезофил; полифитофаг (әртүрлі өсімдіктерде); жылына 2-3 ұрпақ береді; имаго қыстайды.

Tingis brevicornis (Horvath, 1906). Хортобионт; мезофил; кең олигофитофаг (Asteraceae); жылына 2-3 ұрпақ береді; ересек дарасы қыстайды (Adler, 2017; Асанова [Asanova] 1971).

Аңшы қандалалар тұқымдасы - Nabidae

Барлық жерде кең таралған, тұқымдаста 20 туыстың 500 түрі бар. Олар жұмсақ денелі, ұзынша, қанатты құрлық жыртқыштары. Бұл кішкентай мөлшердегі қандалалар, әдетте 3-тен 12 мм - ге дейін жетеді (Кержнер [Kerzhner] 1981). Шалғындар мен бақтарда биік шөпті өсімдіктер арасында жиі кездеседі. Дернәсілдері мен ересектері - жыртқыштар; жұмсақ денелі жәндіктермен қоректенеді. Олар ауылшаруашылық зиянкестерінің көптеген түрлерімен қоректенеді, жыртқыштыққа байланысты ауыл шаруашылығында пайдалы түрлер болып саналады.

Nabis limbatus Dahlbom, 1851. Герпетобионт; мезофил (Кержнер [Kerzhner] 1981); зоофаг (әртүрлі жәндіктермен қоректенеді: өсімдік биттері, шыбын, насеком жұмыртқалары және дернәсілдері); моновольтинді; жұмыртқалары қыстайды.

Nabis flavomarginatus Scholtz, 1847. Хортобионт; тауларда 2000 метрге дейін көтеріледі, субальпілік шалғындарда; мезофил; зоофаг (ұсақ жәндіктермен қоректенеді); моновольтинді; жұмыртқалары қыстайды (Кержнер [Kerzhner] 1981).

Nabis fesus (Linnaeus, 1758). Хортобионт; эвритоптық мезофил (орман аймағында өте кең таралған, негізінен өзендер, көлдер мен бұлақтардың жағалауларымен, тауларда 2500 м биіктікке дейін көтеріледі); зоофаг (көпқоректі түр); моновольтинді; ересек дарасы қыстайды (Кержнер [Kerzhner] 1981).

Nabis palifer Seidenstucker, 1954. Хортобионт; мезофил (тауларда 3500 м биіктікке дейін); зоофаг (өсімдік биттері, цикадалар мен қандалалар дернәсілдерімен, басқа да жәндіктермен қоректенеді); жылына 3 рет ұрпақ береді (Кержнер [Kerzhner] 1981); ересек дарасы қыстайды.

Nabis punctatus punctatus A. Costa, 1847. Хортобионт; мезофил; зоофаг; моновольтинді; ересек дарасы қыстайды (Кержнер [Kerzhner] 1981).

Nabis rugosus (Linnaeus, 1758). Хортобионт (орман алқаптары мен шеттерінде); мезофил (Кержнер [Kerzhner] 1981); зоофаг (өсімдік биттері, цикадалар мен қандалалар дернәсілдерімен, басқа жәндіктермен қоректенеді); моновольтинді, ересек дарасы қыстайды.

Anthocoridae тұқымдасы

Кішкентай қандалалар ұзындығы небары 1,5-5 мм жетеді. Денесі айтарлықтай тығыз. Олар өсімдіктермен қоректене алады, бірақ көбінесе кішкентай жәндіктерді, соның ішінде өсімдік биттерімен қоректенеді. Ол жәндіктердің, кенелер мен трипстің жұмыртқаларымен қоректенеді. Көптеген түрлер "пайдалы жәндіктер" санатына жатады (Лер [Ler] 1988).

Acomprocoris alpinus Reuter, 1875. Дендробионт (қылқан жапырақты ағаштар), мезофил; зоофаг (негізінен өсімдік биттерімен қоректенеді); моновольтинді; ересек дарасы қыстайды (Элов [Elöv] 1976).

Тиін негізінен қарағай, шырша бүрлерімен, балқарағай жаңғақтарымен қоректенеді. Қосымша қоректері саңырауқұлақтар, бүлдірген және т.б. жемістері. Шырша бүрлері мол болған жылдары тиін қыстан күйлі шығып, ерте көктемде балалайды. Олар аз болған жылдары қорек қуаты төмен болатын өсімдіктермен қоректеніп, қоңы төмендеп қыстан әзер шығады, өсімталдығы төмендейді. Зоологтардың бақылауынша (ауызша мәліметтер) көктем айларында тиін жүзім ұлуы, көбелек, инелік, жауын құрты және басқа да майда жәндіктермен қоректене береді.

Кәдімгі тиіннің қоректенуіндегі бір ерекшелік оның қысқа қарай қорек қорын жинауы. Қорек қорын жерге көмеді, ағаштардың тамырының астына немесе қуыстарына жасырады, сол сияқты жапырақтармен жауып немесе ағаштардың бұтақтарына іліп қояды. Кейде қорда жиналған жаңғақтардың салмағы 3 кг не одан да көп болатыны белгілі (Седалищев Sedalishchev] 2010). Алматы қаласының жағдайында кәдімгі тиіннің қорегін біздер 3 топқа бөлдік. Олар: 1-құнды қоректер, 2- сирек кездесетін қоректер және 3-кездейсоқ кездесетін қоректер (Есжанов, Мұсабеков [Yeszhanov, Musabekov] 2011 2011).

Құнды қоректердің қатарына қарағай мен шырша бүрлері, емен жаңғағы, қыналар жатса, сирек түрлерге саңырауқұлақтар, ал кездейсоқ түрлерге түрлі жеміс-жидектерді жатқыздық. Өйткені бұл айтылған қорек түрлері бақылау кезінде табиғатта анықталды (сурет 2).



Сурет 2 - Кәдімгі тиіннің қорек құрамының кездесу жиілігі, % (n=18)

Figure 2 – Frequency of occurrence of nutrients in common protein, % (n = 18)

Табиғи ортада күзге қарай олардың саңырауқұлақтардан қор жинайтыны белгілі. Мысалы, Обь өзенінің аңғарларында бір тиін 1500 саңырауқұлақ жинағаны да белгілі және ауланған тиіндердің асқорыту жолынан саңырауқұлақтардың 45 түрі анықталған (Седалищев [Sedalishtev] 2010).

Егер негізгі қорек базасы болмаған жағдайда ол жас өркендерді, бүршіктерді, жидектерді жейді. Алматы Қаласындағы Бірінші Президент атындағы саябақта тиіннің келушілер берген алма, алмұрт, сәбіз сияқты жемістерді құшырлана қорек ететініне сан мәрте куә болғанымыз бар. Қыс айларында кейбір аудандарда ол итмұрын мен шетеннің жидектерімен де қоректенеді (Богодыаз [Bogodyazh] 1988).

Тиіннің тіршілігіндегі бір ерекшелік – басқа өзінің тұқымдасындағы кеміргіштермен салыстырғанда қысқы ұйқыға жатпайтындығы. Қар қалың жауып, күшті жел тұрғанда ұясынан шықпай қояды. Екінші бір ерекшелігі – өте иісшілдігі. Ол қалыңдығы 1-1.5 м қар астында жатқан шырша мен қарағай бүрлерін немесе саңырауқұлақты сезіп, тауып алады. Қар астында ұзындығы 5-10 м-дей жерден «туннель» қазып жемдерін таси береді.

Кәдімгі тиін организміне қажетті ылғалды тек қорек құрамынан ғана емес, су көздеріне барып су да ішеді. Мысалы, 2019 жылы шілде айында ҚазҰУ-ң қалашығында Биология және биотехнология факультетінің және Механико-математика факультетінің арасындағы алаңқайда гүлдерді суаруға арналған құбырдан су жалап тұрған кәдімгі тиінді және Кереңқұлақ (Поганка) өзенінің жағалауына барып су ішіп жатқан тиінді бақыладық.

Жануартекес қорек тиіннің қосымша қорегі болып табылады. Кейбір әдебиет көздерінде тиіннің жұмыртқалары мен балапандары бар құстың ұяларын көктем кезінде бұзатындығы жайында да айтылған (Гибет [Gibet] 1987).

Алматы қаласы жағдайында кәдімгі тиіннің саны жайында мәліметтер жоқ. Біз алғашқы рет 2005-2006 және 2020-2021 жылдары Алматы қаласының жасыл аймақтарында санақ жұмыстары кезінде кездескен тиіннің жалпы саны туралы мәлімет алдық (мәліметтерді жинауға еріктілер-сұрақ-жауап анкетасын толтырушылар көп жәрдем берді). Жоғарыда айтылғандай әр территорияда санақ жұмыстары 5 мәрте тұрақты маршруттар бойынша қайталанды. Осыған орай жұмсалған уақыт екі жылда (2020-2021) бірдей болды (әр жылы 5 сағаттан 17,5 сағат уақыт жұмсалды). Алынған нәтижелер жыл ерекшелігіне және маусымға байланысты әртүрлі көрсеткіштерге ие болды. Мысалы, 2005-2006 жж. санақ жұмыстарының нәтижелері төмендегідей (кесте 2).

Кесте 2 - Алматы қаласының жасыл аймақтарындағы кәдімгі тиіннің саны (2005-2006 жж)
Table 2 - The number of common squirrels in the green areas of Almaty (2005-2006)

| Мекен-жайы | Уақыт саны, минут (сағат) | Кездескен тиін саны | | |
|--------------------------------------|---------------------------|---------------------|------------|------------|
| | | Барлығы | 1 сағатта | Орташа |
| 1.Мәдениет және демалыс саябағы | 900 (15 сағ) | 27 | 1-3 | 2 |
| 2.28-гвардияшы-панфиловшылар саябағы | 600 (10 сағ) | 10 | 0-2 | 1 |
| 3.ҚазҰУ қалашығы | 1200 (20 сағ) | 30 | 1-4 | 2 |
| 4.Бас Ботаника бағы | 1500 (25 сағ) | 50 | 1-5 | 3 |
| 5.Баум тоғайы | 600 (10 сағ) | 3 | 0-1 | 0,3 |
| Барлығы | 4800 (80 сағ) | 120 | 0-5 | 1,9 |

Араға 15-16 жыл салып бұл көрсеткіш бойынша тиін саны бір мекенде азайып, екіншілерінде артқаны байқалды (кесте 3).

Кесте 3 - Алматы қаласының жасыл-желекті аймақтарында кездескен тиіннің санының қазіргі жағдайы

Table 3 – Current status of the number of squirrels found in the green zones of Almaty

| Мекен-жайы | 2020 ж | | 2021 ж | |
|--------------------------------------|--------------------------------|--------------------------|------------------------------|--------------------------|
| | Жұмсалған уақыт, минут (сағат) | Есепке алынған тиін саны | Жұмсалған уақыт, мин (сағат) | Есепке алынған тиін саны |
| 1.Мәдениет және демалыс саябағы | 450 (7.5 сағ) | 15 | 450 (7.5 сағ) | 30 |
| 2.28-гвардияшы-панфиловшылар саябағы | 300 (5 сағ) | 4 | 300 (5 сағ) | 1 |
| 3.ҚазҰУ-ң қалашығы | 300 (5 сағ) | 15 | 300 (5 сағ) | 10 |
| 4.Бас Ботаника бағы | 750 (12.5 сағ) | 31 | 750 (12.5 сағ) | 44 |
| 5.Бірінші Президент атындағы саябақ | 1050 (17.5 сағ) | 61 | 1050 (17.5 сағ) | 79 |
| 6.Баум тоғайы | 450 (7.5 сағ) | 6 | 450 (7.5 сағ) | 9 |
| Барлығы | 3300 (55 сағ) | 132 | 3300 (55 сағ) | 173 |


Алматы қаласының жасыл-желекті аудандарда кәдімгі тиіннің сан мөлшері (бұл жерде кездесу жиілігі) ауытқып тұратыны анықталды (кесте 4).

Кесте 4 - Алматы қаласының жасыл-желекті аудандарында кәдімгі тиіннің санының ауытқуы (1 сағатта кездесу жиілігі)

Table 4 – Fluctuations in the number of common squirrels in the green areas of Almaty (frequency of meetings per hour)


| Зерттелген территориялар | 2020 ж | | 2021 ж | |
|---------------------------------------|-----------------|----------------|-----------------|----------------|
| | Кездесу жиілігі | Орташа жиілігі | Кездесу жиілігі | Орташа жиілігі |
| 1.Мәдениет және демалыс саябағы | 1-5 | 2 | 1-6 | 4 |
| 2. 28-гвардияшы-панфиловшылар саябағы | 0-2 | 0.75 | 0-1 | 0.25 |
| 3. ҚазҰУ-ң қалашығы | 2-5 | 3 | 1-4 | 2 |
| 4.Бас Ботаника бағы | 2-6 | 2.5 | 1-7 | 3.5 |
| 5.Бірінші Президент атындағы саябақ | 3-7 | 3.5 | 2-9 | 4.5 |
| 6.Баум тоғайы | 0-3 | 0.75 | 1-3 | 1.25 |

Кездесу жиілігі мен сан мөлшерінің ауытқуы Алматы қаласы жағдайында оның таралған ауданы мен негізгі қорек қорының молшылығына байланысты. Мысалы, қарағай, шырша ағаштары көп территорияларда (Мәдениет және демалыс саябағы мен Бірінші Президент атындағы саябақ) тиіннің кездесу жиілігі біршама жоғары, Баум тоғайында жалпақ жапырақты ағаштар басым – мұнда кездесу жиілігі төмен. Ал 28-гвардияшы-панфиловшылар саябағында тиіндердің аз болуы – мазалау факторының өте жоғары болуы және қылқан жапырақты ағаштардың аз болуы да әсерін тигізетіні сөзсіз. Сонымен қатар тынығушылар жағынан тиіндерге түрлі ас қалдықтарын да ұсыну, итті қыдырту және т.т. антропогендік факторлар бұл саябақта тиіннің қорының азаюына алып келуі де мүмкін. Бұл көрсеткіш (кездесу жиілігі) жылдан жылға азайып келе жатқанында байқауға болады (сурет 3).



Сурет 3 - Алматы қаласының жасыл аймақтарындағы кәдімгі тиіннің 2020-2021 жылдардағы кездесу жиілігінің орташа көрсеткіші

Figure 3 – The average frequency of common squirrel meetings in Almaty green spaces in 2020-2021.



Сурет 4. Алматы қаласының жасыл-желекті аудандарында 2020-2021 жылдар бойынша кәдімгі тиіннің санының орташа ауытқуы

Figure 4 – Average deviation of the number of ordinary squirrels in the green areas of Almaty in 2020-2021

Кәдімгі тиін арнайы қорғау қызметін ұйымдастыруды қажет етпейді. Өйткені бұл кеміргіш қалалықтар тарапынан сүйіспеншілікке ие. Қорек қоры азайғанда, саны артқанда тиін жаңа территорияларға миграция жасайды. Қазіргі кезде Алматы қаласының жасыл-желекті аудандарында санының кеміп-артуы осы миграцияның нәтижесі деп айтуымызға болады. Осыған орай қала жағдайында құрғақшылық және қыс айларында азық қоры аз болған жылдары оларға үстеме жем беруді ұйымдастырса жөн болар еді (Кудрявцева [Kudryavtseva] 1982).

Қорытынды

2005-2006 және 2020-2021 жылдары жүргізілген зерттеу жұмыстары Іле Алатауының ормандарына осыдан 50 жылдай уақыт бұрын жерсіндірілген кәдімгі тиіннің ойдағыдай натурализацияланып Алматы қаласының жасыл-желекті аудандарында, оған іргелес жатқан тоғайларында, яғни елді мекендерде жиі кездесіп, синантропты жануарлардың тізімінен орын алғандығын көрсетеді.

Алынған нәтижелер бойынша мынандай қорытынды жасауға болады:

1. Қазіргі кезде кәдімгі тиін Алматы қаласы жағдайында Мәдениет және демалыс Паркі мен оған іргелес жатқан Хайуанаттар паркінің территорияларында, 28-гвардияшы-Панфиловшылар атындағы саябақта, ҚазҰУ қалашығында, Бас Ботаника Бағының территориясында, Бірінші Президент атындағы саябақта және Баум тоғайында тұрақты түрде мекендейді;

2. Мекендеген территорияларында сан мөлшері бірдей емес: Мәдениет және демалыс Паркі мен оған іргелес жатқан Хайуанаттар паркінде бір сағатта кездесу жиілігі орта есеппен алғанда 3 тиін, ҚазҰУ қалашығында-2,5, Бас Ботаника Бағының территориясында -3, Бірінші Президент атындағы саябақта-4. Баум тоғайы мен 28-гвардияшы-Панфиловшылар атындағы саябақта сәйкесінше – 1 және 0,5 дана тиін кездесті.

3. Қала жағдайында кәдімгі тиін 4 түрлі баспана типін пайдаланады. Олар: жасанды ұялар (иелену үлесі 5.5%), ұя (гайно) -11.1%, ғимараттар шатырының асты (иемдену үлесі 16.7%) және ағаш діңіндегі қуыстар (иемдену үлесі- 66.7%).

4. Зерттеу жұмыстары қала жағдайында кәдімгі тиіннің негізгі қорегі – қарағай, шыршаның тұқымдары, еменнің жаңғағы (100%), ағаш бағаналарында өсетін қыналар (83.3%), саңырауқұлақтар (27.7%) және кездейсоқ қоректер - жемістер (алма, алмұрт сәбіз) -16.6% болатындығын көрсетті. Бұлар әр жылдағы өнімділікке байланысты өзгеріп тұрады. Кәдімгі тиіннің жаз айларында су ішеді.

5. Урбанизация жағдайында кәдімгі тиіннің биология мен экологиясын жан-жақты білу үшін зерттеу жұмыстарын ары қарай жүргізуді қолға алған дұрыс деп санаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

Богодяж О.М. 1988. Биология белки (*Sciurus vulgaris* L.) на европейском Северо-Западе: Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата биологических наук. Москва: Логос. 16 с.

Гибет Л.А. 1987. Влияние антропогенной трансформации лесных угодий на население белки в Европейской части РСФСР: Влияние антропогенной трансформации ландшафта на население наземных позвоночных животных. Москва: Аспект-Пресс. 260 с.

- Гибет Л.А. 1987. Методическое указания по учету численности обыкновенной белки с лайкой. Москва. 24 с.
- Грачев Ю.А. 1977. Обыкновенная белка. Млекопитающие Казахстана. Алма-Ата. Т.1 часть 2. С. 25-55.
- Дукравец Г.М., Мамилов Н.Ш., Митрофанов И.В. 2016. Рыбы Казахстана - аннотированный список, исправленный и дополненный (по состоянию на 31 декабря 2016 г.). Selevinia. Т. 24. С. 47-71.
- Дүйсебаева Т.Н. 2013. Классы Амфибия и Рептилия. Позвоночные животные Казахстана. Алматы: Атамұра. С. 57-80
- Есжанов Б., Мұсабеков Қ. 2011. Териология. Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір». 264 б.
- Есжанов Б., Мұсабеков Қ. 2020. Қазақстан териофаунасының анықтағышы. Алматы: Қазақ университеті. 362 б.
- Кельбешев Б.К. 1990. Значение факторов внешней среды в формировании пространственной структуры популяции у белки: Вопросы охотоведения Сибири. Красноярск: «Мысль». 19 с.
- Кенжебаев Ж.К. 1972. Экология белки-телеутки в Северном Тянь-Шане. Автореферат кандидатской диссертации. Алма-Ата. 20 с.
- Кирис И.Д. 1973. Белка. Киров: Волго-Вятское книжное издательство. С. 163-235.
- Коллектив авторов. 2003. Методы учета основных охотничье-промысловых и редких видов животных Казахстана. Алматы. 203 с.
- Кудрявцева Э. 1982. Белки в вольере. Охота и охотничье хозяйство. №6. С. 46.
- Позвоночные животные Алма-Аты 1988. (редактор д.б.н. Ковшарь А.Ф.). Алма-Ата: Наука. 24 с.
- Русанов Я.С. 1966. Основы промысла белки. Москва. 66 с.
- Рябицев В.К., Ковшарь А.Ф., Ковшарь В.А., Березовиков Н.Н. 2014. Полевой определитель птиц Казахстана. Алматы. 512 с.
- Седалищев В.Т. 2001. Материалы по экологии соболя Западной Якутии. Рациональное использование ресурсов соболя в России. Красноярск. С. 139-143.
- Седалищев В.Т. Динамика численности обыкновенной белки (*Sciurus vulgaris* Linnaeus, 1758) Центральной Якутии. Биологические ресурсы. Сборник научных трудов. Ч.1. Охотоведение. Киров, 2010. С. 250-252.
- Стогов В.И. 1988. Отряд Грызуны. Позвоночные животные Алма-Аты. Алма-Ата: Наука. С. 19-28.
- Формозов А.Н. 1989. Спутник следопыта. Москва: Издательство Московского университета. 320 с.

REFERENCES

- A team of authors. 2003. Methods of accounting for the main hunting and commercial and rare animal species of Kazakhstan. Almaty. 203 p.
- Bogodyazh O.M. 1988. Biology of the squirrel (*Sciurus vulgaris* L.) in the European Northwest: Abstract of the dissertation for the degree of Candidate of Biological Sciences. M.: Logos. 16 p.
- Dukravec G.M., Mamilov N.Sh., Mitrofanov I.V. 2016. Fish of Kazakhstan - annotated list, corrected and supplemented (as of December 31, 2016). Selevinia. Т. 24. P. 47-71.
- Dyusebaeva T.N. 2013. Amphibian and Reptile classes. Vertebrates of Kazakhstan. Almaty: Atamura. P. 57-80.
- Eszhanov B., Musabekov K. 2020. Determinant of the teriofauna of Kazakhstan. Almaty: Kazakh University. 362 p.
- Eszhanov B., Musabekov K. Theriology. Almaty: ZHSHS RPBC «Daur», 2011. 264 p.
- Formozov A.N. 1989. Pathfinder Satellite. Moscow: Moscow University Publishing House. 320 p.
- Gibet L.A. 1987. Methodological guidelines for the accounting of the number of *Pteromys volans* with laika. M. 24 p.
- Gibet L.A. 1987. The impact of anthropogenic transformation of forest lands on the population of belka in the European part of the RSFSR: The impact of anthropogenic transformation of the landscape on the population of terrestrial vertebrates. M.: Aspect-Press. 260 p.
- Grachev Yu.A. 1977. *Pteromys volans*. Mammals of Kazakhstan. Alma-Ata. Vol. 1 part 2. P. 25-55.
- Kelbeshekov B.K. 1990. The importance of environmental factors in the formation of the spatial structure of the squirrel population: Issues of Siberian hunting. Krasnoyarsk: «Thought». 19 p.
- Kenzhebaev J.K. 1972. Ecology of *Sciurus vulgaris exalbidus* Pallas in the Northern Tien Shan. Abstract of the candidate's dissertation. Alma-Ata. 20 p.
- Kiris I.D. 1973. *Pteromys volans*. Kirov: Volga-Vyatka Book Publishing House. P. 163-235.
- Kudryavtseva E. 1982. Squirrels in the aviary. Hunting and hunting economy. No. 6. P. 46.
- Rusanov Ya.S. 1966. Fundamentals of squirrel fishing. M. 66 p.

Ryabitsev V.K., Kovshar A.F., Kovshar V.A., Berezovikov N.N. 2014. Field determinant of birds of Kazakhstan. Almaty. 512 p.

Sedalishchev V.T. 2001. Materials on the ecology of the sable of Western Yakutia. Rational use of sable resources in Russia. Krasnoyarsk. P. 139-143.

Sedalishchev V.T. 2010. Population dynamics of the common squirrel (*Sciurus vulgaris* Linnaeus, 1758) of Central Yakutia. Biological resources. Collection of scientific papers. Part 1. Hunting. Kirov. P. 250-252.

Stogov V.I. 1988. Squad Rodents. Vertebrate animals of Alma-Ata. Alma-Ata: Nauka. P. 19-28.

Vertebrate animals of Alma-Ata 1988. (Editor Kovshar A.F.). Alma-Ata: Science. 224 p.

Есжанов Б.Е., Салмен А.Б. Некоторые вопросы экологии акклиматизированной и натурализованной обыкновенной белки в условиях города Алматы

Аннотация: В статье приведены данные по некоторым вопросам экологии обыкновенной белки (*Sciurus vulgaris* Linnaeus, 1758) в условиях города Алматы. Они основаны на наблюдениях, которые были проведены в 2005-2006 гг. и 2020-2021 гг., использованы маршрутный и опросно-анкетный методы.

Новизна работы: Впервые получены новые данные по территориальному распределению, особенности использования убежища, миграции, кормовому составу, выяснены изменения численности обыкновенной белки в зеленых насаждениях города Алматы.

В условиях города Алматы встречаемость обыкновенной белки различна: в Парке культуры и отдыха с прилегающей территорией Зоологического парка она составляет в среднем за один час 3 особи (2005-2006 гг-2 особи), в Парке имени 28-гвардаецов-Панфиловцев – 0.5 (2005-2006 гг-1 особь), в университетском городке Казахского национального университета имени Аль-Фараби - 2.5 (2005-2006 гг-2 особи), на территории Головного Ботанического сада-3 (2005-2006 гг-3 особи), в парке имени Первого Президента – 4 и в роще Баума – 1 (2005-2006 гг-0.3 особи). В естественных ареалах основной тип убежища - гнездо (гайно), сделанное из веток хвойных деревьев, а в условиях города из 18 учтенных убежищ 3 (16.7%) находились под крышами здания (Биологический музей, Головной Ботанический сад), гайно-2 (11.1%), скворечник -1 (5.5%), остальные (66.7%) – в дуплях деревьев.

В условиях урбанизации основным кормом являются семена и почки сосен, ель и орехи дуба (по 100%), лишайники, которые растут на стволах яблонь и лиственных деревьев (83.3%), грибы (27.7%) и плоды (16.6%).

В городе Алматы основным врагом обыкновенной белки является сорока (*Pica pica* Linnaeus, 1758). Она-конкурент по гнездовым территориям, часто от нее страдают молодые зверьки.

Ключевые слова: город Алматы, зеленые насаждения, обыкновенная белка, численность, территориальное размещение, убежище, состав корма, основной враг

Yeszhanov B. E., Salmen A.B. Some issues of ecology of acclimatized and naturalized common squirrel in the conditions of the city of Almaty

Abstract: The article presents data on some issues of ecology of the common squirrel (*Sciurus vulgaris* Linnaeus, 1758) in the green spaces of the city of Almaty. It is based on observations that were carried out in 2005-2006 and 2020-2021, route and questionnaire methods were used.

The novelty of the work: For the first time, new data on the territorial distribution, features of the use of shelter, migration, feed composition were obtained, changes in the number of common squirrels in the green spaces of the city of Almaty were clarified.

In the conditions of the city of Almaty, the occurrence of the common squirrel is different: in the Park of Culture and Recreation with the adjacent territory of the Zoological Park, it averages 3 individuals per hour (2005-2006-2 individuals), in the Park named after 28-guards-Panfilovtsev - 0.5 (2005-2006-1 individual), in the campus of the Al-Farabi Kazakh National University - 2.5 (2005-2006-2 individuals), in the territory of the Head Botanical Garden-3 (2005-2006-3 individuals), in the park named after the First President - 4 and in the grove of Baum - 1 (2005-2006-0.3 individuals). In natural habitats, the main type of shelter is a nest (gayno) made of branches of coniferous trees, and in urban conditions, 3 (16.7%) of the 18 registered shelters were located under the roofs of a building (Biological Museum, Head Botanical Garden), gayno-2 (11.1%), birdhouse -1 (5.5%), the rest (66.7%) – in tree hollows.

In the context of urbanization are the main food of seeds and buds of a pine, fir and oak nuts (100%), lichens (83.3%), which grow on the trunks of Apple trees and deciduous trees, mushrooms (27.7%) and fruits (16.6%).

In Almaty, the main enemy of proteins is a common magpie (*Pica pica* Linnaeus, 1758). She is a competitor in nesting territories, young animals often suffer from her.

Keywords: Almaty city, green spaces, common squirrel, number, territorial location, shelter, feed composition, main enemy

ӨОЖ 576. 893.192 (574) <https://doi.org/10.54944/kzbcf135sn61>

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҮЙ ЖӘНЕ ЖАБАЙЫ ЖАНУАРЛАР ЭЙМЕРИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТҮРЛЕРІ

Беркінбай О.

ҚР «Зоология институты», әл-Фараби даңғылы, 93, Алматы, 050060, Қазақстан
E-mail: berkinay49@mail.ru

Тұжырым. Қазақстанда бірқатар үй және жабайы жануарларының эймериямен зарарлануы тексерілді. Нәтижесінде жылқыларда (*Equus caballus* Linnaeus, 1758) ғылым үшін жаңа бір эймерия түрі (Protozoa, Apicomplexa), құландарда (*Equus hemionus* Pallas, 1775) - 2, құндыздарда (*Castor fiber* Linnaeus, 1758) - 3, киіктерде (*Saiga tatarica* Linnaeus, 1766) - 1, Сарыарқа арқарларында (*Ovis ammon collium* Linnaeus, 1758) - 4, далалық жабайы қойларында (*Ovis orientalis* Gmelin, 1774) - 7, Бұхар бұғыларында (*Cervus elaphus bactrianus* Lydekker, 1900) - 3 түрі анықталды. Иесінің денесінен нәжіспен шығарылған ооцисттер сезімтал жануарларды жұқтыруы мүмкін емес. Сыртқы ортада олар белгілі бір даму үрдісін өтуі керек, оның барысында олар жұқтыру қабілетіне ие болады. Сыртқы ортада белгілі бір жағдайлар болған кезде (жылу, ылғал және оттегі) ооцистің цитоплазмасы қабықтан ажырайды, кішірейеді, сфералық пішінді алады және төрт споробластқа бөліне бастайды. Әр споробласттың айналасында тығыз қабық пайда болады, нәтижесінде төрт спороцист пайда болады. Әр спороцистада екі спорозоит пайда болады және спороциста спораға айналады. Бұл эймерия - спорогония дамуының экзогендік кезеңін аяқтайды. Осыдан кейін ооцисттер инвазивті болады және сезімтал жануарлар жұқтырған кезде оларды жұқтырады. Эймерияның морфологиялық белгілері сипатталған. Споруляцияның мерзімдері көрсетілген. Ооцист, спороцист және спорозоиттердің мөлшері берілген.

Кілт сөздер: эймерия, спороциста, спорозоит, жылқы, құлан, құндыз, киік, Сарыарқа арқары, жабайы дала қойы, Бұқар бұғылары.

Кіріспе

Эймерия - тоғышарлық Protozoa-ның сандық және сапалық жағынан ең бай топтарының бірі. Әр түрлі экологиялық жүйелерге бейімделудің жоғары мүмкіндігі эймерияның бүкіл әлемге таралуына және жануарлардың барлық түрлерін игеруге мүмкіндік берді. Эймерияны тоғышар ететін жануарлардың барлық түрлерінің жеке дарақтарының басым көпшілігі белгілі бір дәрежеде осы патогенді біржасушалыны жұқтырған.

Эймерия кең географиялық және иелік таралумен ғана емес, сонымен қатар әртүрлі мүшелер мен тіндерге әсер ете отырып, бір иенің ішінде орналасуымен де сипатталады. Эймерия көбінесе ішек қабырғасында, лимфа түйіндерінде, бүйректе, бауырда, қуықта, эндотелий мен қан жасушаларында дамиды. Эймерияның бірнеше түрі, әдетте, бір иенің денесінде тоғышарлық етеді, кейде оннан асады. Әр түрлі мүшелер мен тіндерге әсер ете отырып, бұл тоғышарлық бір жасушалылар ауруларды тудырады, көбінесе жануарлардың дамуын, өсуін тежейді және жиі өлімге алып келеді.

Жануарлардың эймериозымен күресу үшін ұтымды әдістер мен құралдарды қолдану қажет. Бірақ оның тиімділігі фауна, өмірлік айналымдар, тәнділіктер, жүйелілік және эймерияның таралуы туралы жеткілікті дәл мәліметтер негізінде ғана мүмкін болады.

Біз осы мақалада эймерияның жаңа түрлерімен таныстырамыз.

Зерттеу әдістері

Мақала автордың Қазақстан бойынша көп жылдық жинаған материалдары негізінде жазылып отыр. Зерттеулер 1981-1986, 1990-1992 жылдары Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау және Түркістан облыстарында жүргізілді. Дарлингтің овоскопиялық әдісімен барлығы 42 жылқы, 40 құлан, 5 құндыз, 310 бөкен, 35 Сарыарқа арқары, 57 дала қойы, 30 бұқар бұғысы тексерілді. Зерттеу материалы жануарлардан жеке алынған және 2,5 % калий қос тотығымен құйылған жаңа нәжіс болды. Эймерияның түрлік тиістілігі ооцисталардың морфологиялық белгілері негізінде (пішіні, шамасы, қабықшасының құрылысы, микропилесі мен полярлық қақпағының болуы) анықталды.

Зерттеу нәтижелері мен оны талдау

Нәтижесінде жылқыларда (*Equus caballus* Linnaeus, 1758) эймерияның бір жаңа түрі табылды: *Eimeria priadko* Berkinbaev, Baitursinov, 1987 (Беркінбаев, Байтұрсынов [Berkinbaev, Baitursinov])

1987). Ооцист қабығы тегіс, үш контурлы. Сыртқы қабығы қалыңдығы 2,4-2,9 мкм қоңыр-сары, орташасы түссіз 5,8-6,0 мкм, ішкісі қара-қоңыр бойлық кескінделген қалыңдығы 8,7-9,7 мкм. Ооцисттерде микропиле мен қалпақ жоқ. Жаңа бөлінген ооцисттерде цитоплазма бүкіл қуысты толтырады. Ооцист споруляцияланған сайын ол сфералық пішінді алады және ооцистің ортасында орналасады. Ооцист мөлшері 87,8-84,7 x 79,8-78,7 мкм, орташа 86,3 x 79,3 мкм. Нысанның индексі 1,08-ден 1,10-ға дейін, орташа есеппен 1,09. 25-28°C температурада екі су қышқылды калийдің 2,5% ерітіндісімен ылғалданған материалдағы ооцисталардың негізгі массасының споруляциясы 21 күнде аяқталады. Толық жетілгеннен соң ооцисттерде сопақша немесе дөңгелек тәрізді төрт спороцист пайда болады. Спороцисттердің өлшемдері 40,6-34,8 x 37,7-31,9 мкм, орташа - 37,7 x 34,8 мкм. Әр спороцистада үтір тәрізді және алмұрт тәрізді екі спорозоит және ұсақ түйіршікті құрылым мен белгісіз пішінді қалдық денесі пайда болады. Спорозоиттердің мөлшері 34,8-31,9 x 5,8-4,4 мкм, орташа 33,4 x 5,1 мкм.

Құландардан (*Equus hemionus* Pallas, 1775) екі жаңа эймерия түрі анықталды. *Eimeria hemionus* Berkinbaev, Bisenova, Baitursinov, Tashibaev, 1991 (Беркінбаев, Бисенова, Байтұрсынов, Тәшібаев [Berkinbaev, Bisenova, Baitursinov, Tashibaev] 1991). Ооцисттер дөңгелек немесе кең сопақша, ашық сұр түсті. Ооцист мөлшері 17,03±0,05x14,56±0,04 мкм, нысан индексі - 1,17±0,04. Ооцистің қабығы екі контурлы, тегіс, қалыңдығы 0,5±0,1 мкм. Сыртқы қабығы бозғылт және ішкі қара сұрға қарағанда қалың. Полярлы түйіршік бар, бірақ микропиле, полярлы қақпақ, қалдық дене және жарық шағылыстыратын денешіктер жоқ. Споруляция 4±1 күнге созылады. Спороцисттер сопақша пішінді, өлшемі 6,5±0, 9x4,7±0,9 мкм. Ұсақ дәндер түрінде қалдық денешік бар. Алмұрт тәрізді спорозоиттердің мөлшері 2,7±0,8x1,7±0,1 мкм құрайды.

Eimeria pinaevae Berkinbaev, Bisenova, Baitursinov, Tashibaev, 1991 (Беркінбаев, Бисенова, Байтұрсынов, Тәшібаев [Berkinbaev, Bisenova, Baitursinov, Tashibaev] 1991). Ооцисттер сопақша немесе эллипсоидты, сары түсті. Ооцист мөлшері 26,63±0,03x19, 70±0,03 мкм, нысанның индексі 1,35±0,03. Ооцистің қабығы тегіс, екі контурлы, қалыңдығы 1,2±0,1 мкм. Сыртқы қабығы сарғыш-қоңыр түсті және ішкі қабыққа қарағанда жұқа. Микропиле, полярлық түйіршіктер, қалпақ, қалдық денешіктер және жарық шағылыстыратын денелер жоқ. Споруляция 2,5±0,5 күнге созылады. Спороцисттер сопақша пішінді, өлшемі 10,2±2,8x6, 5±0,9 мкм. Спорозоиттердің арасында орналасқан ұсақ шарлар түрінде қалдық денешік бар.

Алмұрт тәрізді спорозоиттердің мөлшері 5,6±0,9x3,7±0,9 мкм. Құндыздарда (*Castor fiber* Linnaeus, 1758) үш жаңа түр тіркелген. *Eimeria bekenovi* Eszhanov, Berkinbaev, Baizhanov, 1995 (Есжанов, Беркінбаев, Байжанов [Eszhanov, Berkinbaev, Baizhanov] 1995). Ооцисттер сопақша немесе дөңгелек пішінді, ашық сұр түсті. Ооцист мөлшері 17,6±0, 9x16, 7±0,9 мкм, нысан индексі - 1,04±0,02. Ооцистің қабығы екі контурлы, тегіс, қалыңдығы - 1,04±0,02 мкм. Микропиле және қалпақшасы жоқ. Споруляция 3,5±0,5 күнге созылады. Спороцисттер сопақша пішінді, өлшемі 4,6±0, 9x3, 5±0,8 мкм. Ұсақ дәндер түрінде қалдық дене бар. Алмұрт тәрізді спорозоиттердің мөлшері 2,8±0,8x1,8±0,2 мкм құрайды.

Eimeria zhamilae Eszhanov, Berkinbaev, Baizhanov, 1995 (Есжанов, Беркінбаев, Байжанов [Eszhanov, Berkinbaev, Baizhanov] 1995). Ооцисттер сопақша немесе эллипсоидты, сары түсті. Өлшемі 25,3±0, 8x20, 4±0,9 мкм, нысан индексі - 1,24±0,02. Ооцистің қабығы екі контурлы, тегіс. Қалыңдығы 1,2±0,1 мкм. Микропиле, қалпақшасы жоқ. Споруляция 2,5±0,5 күнге созылады. Спороцисттер сопақша пішінді, өлшемі 10,2±0,9x6, 5±0,9 мкм. Ұсақ дәндер түрінде қалдық дене бар. Алмұрт тәрізді спорозоиттердің мөлшері 5,6±0,9x3,5±0,8 мкм құрайды.

Eimeria elmiraе Eszhanov, Berkinbaev, Baizhanov, 1995 (Есжанов, Беркінбаев, Байжанов [Eszhanov, Berkinbaev, Baizhanov] 1995). Ооцисттер сопақша немесе эллипсоидты, сары-жасыл түсті. Ооцист мөлшері 27,8±1,9x20, 44±1,9, нысанның индексі - 1,31±0,2. Ооцистің қабығы екі контурлы, тегіс, қалыңдығы - 1,4±0,2 мкм. Микропиле және қалпақшасы бар. Қалпақшаның биіктігі 1,6±0,2 мкм, ені-4,6±0,3 мкм. Споруляция 3,5±0,5 күнге созылады. Спороцисттер сопақша пішінді, өлшемі 11,1±0,8x6, 7±0,8 мкм. Ұсақ түйіршікті қалдық денесі бар. Алмұрт тәрізді спорозоиттердің мөлшері 7,0±0 8x3,5±0,8 мкм құрайды.

Киіктердің (*Saiga tatarica* Linnaeus, 1766) бір жаңа түрі бар. *Eimeria kosembaevi* Berkinbaev, 1995 (Беркінбаев [Berkinbaev] 1995). Ооцисттер сопақша немесе эллипсоидты, сары-қоңыр түсті. Ооцист мөлшері 47,0±4,3x42, 75±2,85 мкм, нысан индексі - 1,14±0,07. Ооцистің қабығы үш контурлы, қалыңдығы 3,4±0,8 мкм. Сыртқы қабығы бұдырлы сары-қоңыр немесе қоңыр, орташасы - көлденең сызықтары бар қалың, ішкісі - тегіс, сарғыш. Микропиле және қалпақшасы бар. Қалпақшаның биіктігі 4,7±1,3 мкм, ені - 10,2±2,8 мкм. Споруляция 5±1 күнге созылады. Алмұрт тәрізді спороцисттер мөлшері 16,45±2, 05x9,85±1,75 мкм, әрқайсысында 10,65±0,95x3,9±0,9 мкм алмұрт тәрізді 2 спорозоит бар.

Сарыарқа арқарларынан (*Ovis ammon collium* Linnaeus, 1758) төрт түрлі жаңа эймерия тіркелді. *Eimeria musakhani* (Fedoseenko et Baidavletov, 1998) Berkinbay, 1999 (Беркінбай [Berkinbay] 1999). Ооцисттер сопақша, ашық-жасыл және сұр түсті. Ооцист мөлшері $25,6 \pm 2,9 \times 15,6 \pm 1,6$ мкм, нысан индексі – $1,64 \pm 0,09$. Ооцистің қабығы екі контурлы, тегіс, қалыңдығы $1,1 \pm 0,2$ мкм. Микропиле және қалпақшасы бар. Қалпақшаның биіктігі $1,8 \pm 0,2$ мкм, ені – $4,8 \pm 0,9$ мкм. Споруляция $2,5 \pm 0,5$ күнге созылады. Спороцисттер сопақша немесе алмұрт тәрізді, өлшемі $99,4 \pm 1,9 \times 7,0 \pm 1,6$ мкм. Мөлшері $5,9 \pm 0,8 \times 2,9 \pm 0,9$ мкм сопақша немесе алмұрт тәрізді спорозоиттер.

Eimeria asilkhani Berkinbay, 1999 (Беркінбай [Berkinbay] 1999). Ооцисты шар тәріздес пішінді, сарғыш түсті. Ооцист мөлшері $17,1 \pm 0,1 \times 12,8 \pm 0,4$ мкм, нысан индексі – $1,32 \pm 0,09$. Ооцистің қабығы екі контурлы, тегіс, қалыңдығы $1,2 \pm 0,2$ мкм. Микропиле және қалпақшасы жоқ. Споруляция $5,5 \pm 0,5$ күнге созылады. Спороцисттер сопақша пішінді, өлшемі $4,6 \pm 0,9 \times 3,5 \pm 0,8$ мкм. Алмұрт тәрізді немесе үтір тәрізді спорозоиттардың мөлшері $2,8 \pm 0,3 \times 1,9 \pm 0,2$ мкм құрайды.

Eimeria sejdakbari Berkinbay, 1999 (Беркінбай [Berkinbay] 1999). Ооцисттер кофе қайнатқыш түрінде, сарғыш түсті. Ооцист мөлшері $31,3 \pm 5,8 \times 22,7 \pm 2,9$ мкм, нысан индексі – $1,38 \pm 0,05$. Ооцистің қабығы екі контурлы, тегіс, қалыңдығы $1,6 \pm 0,4$ мкм. Микропиле және қалпақшасы бар. Қалпақшаның биіктігі $3,2 \pm 0,9$ мкм, ені – $9,6 \pm 1,0$ мкм. Споруляция $4,5 \pm 0,5$ күнге созылады. Спороцисттер сопақша немесе алмұрт тәрізді, өлшемі $14,8 \pm 1,9 \times 7,4 \pm 1,9$ мкм. Мөлшері $6,5 \pm 0,9 \times 2,6 \pm 0,6$ мкм үтір тәрізді спорозоиттар.

Eimeria zalmyrzae (Fedoseenko et Baidavletov, 1998) (Беркінбай [Berkinbay] 1999). Ооцисттер сопақша немесе сфералық, сарғыш-жасыл түсті. Ооцист мөлшері $36,8 \pm 5,9 \times 28,5 \pm 5,7$ мкм, нысан индексі – $1,29 \pm 0,20$. Ооцистің қабығы екі контурлы, тегіс, қалыңдығы $1,4 \pm 0,2$ мкм. Микропиле және қалпақшасы бар. Қалпақшаның биіктігі $3,2 \pm 0,4$ мкм, ені – $10,2 \pm 0,9$ мкм. Споруляция $3,5 \pm 0,5$ күнге созылады. Спороцисттер сопақша немесе алмұрт тәрізді, өлшемі $12,1 \pm 2,7 \times 7,4 \pm 1,9$ мкм. Спорозоиттер мөлшері $7,8 \pm 0,8 \times 3,5 \pm 0,6$ мкм үтір немесе алмұрт тәрізді.

Жабайы дала қойларында (*Ovis orientalis* Gmelin, 1774) жеті жаңа эймерия түрі тіркелді. *Eimeria baghdathi* Berkinbay, 2001 (Беркінбай [Berkinbay] 2001). Ооцисттер сопақ немесе сопақша, түсі қоңыр немесе сарғыш қоңыр. Бұл түсті сыртқы қабық береді. Қабығы үш контурлы: сыртқысы бұдырлы, ортаншысы көлдеңінен кескінделген, ішкісі тегіс, қалыңдығы $4,5 \pm 0,6$ мкм. Микропиле және қақпақшасы бар. Қақпақшаның биіктігі $4,6 \pm 0,9$ мкм, ені $12,0 \pm 0,9$ мкм. Ооцистаның мөлшері $49,3 \pm 0,9 \times 38,4 \pm 4,3$ мкм, нысан көрсеткіші – $1,28 \pm 0,18$. Споруляция 5 күнге созылады. Спороцисттер сопақ немесе алмұрт тәрізді, мөлшері $16,7 \pm 1,9 \times 11,1 \pm 1,9$ мкм. Спорозоиттар тырнақша немесе алмұрт тәрізді мөлшері $10,5 \pm 1,6 \times 3,7 \pm 0,9$ мкм.

Eimeria alimzhani Berkinbay, 2001 (Беркінбай, [Berkinbay] 2001). Ооцисттер сопақша немесе сопақ, түсі сарғыш жасыл. Бір үйегі созылған немесе қысылған. Қабығы екі контурлы, тегіс, қалыңдығы $1,4 \pm 0,2$ мкм. Микропиле және қақпақша бар. Қақпақшаның биіктігі $3,2 \pm 0,9$ мкм, ені $10,2 \pm 0,9$ мкм. Ооцистаның мөлшері $36,8 \pm 5,9 \times 28,5 \pm 5,7$ мкм, нысан көрсеткіші – $1,29 \pm 0,20$. Споруляция $3,5 \pm 0,5$ күнге созылады. Спороцисттер алмұрт тәрізді немесе сопақша, мөлшері $12,1 \pm 2,7 \times 7,4 \pm 1,9$ мкм. Спорозоиттар тырнақша немесе алмұрт тәрізді, мөлшері $7,7 \pm 0,8 \times 3,5 \pm 0,6$ мкм.

Eimeria asanbayi Berkinbay, 2001 (Беркінбай [Berkinbay] 2001). Ооцисттер сопақ, түсі сарғыш жасыл. Микропилесі бар. Қақпақшасы жоқ. Микропиленің қарсы жағы кең. Микропиленің ені $6,5 \pm 0,9$ мкм. Қабығы екі контурлы, тегіс, қалыңдығы $1,4 \pm 0,3$ мкм. Ооцистаның мөлшері $33,7 \pm 0,1 \times 21,6 \pm 1,5$ мкм, нысан көрсеткіші – $1,59 \pm 0,11$. Споруляция $3,5 \pm 0,5$ күнге созылады. Спороцисттер сопақ немесе алмұрт тәрізді, мөлшері $13,9 \pm 0,8 \times 8,3 \pm 0,9$ мкм. Дене қалдығы бар. Спорозиттар тырнақша немесе алмұрт тәрізді, мөлшері $6,3 \pm 0,8 \times 2,9 \pm 0,8$ мкм.

Eimeria kaladybayi Berkinbay, 2001 (Беркінбай [Berkinbay] 2001). Ооцисттер сопақ немесе сопақша, түсі ашық жасыл немесе ашық сұр. Қабағы екі контурлы, тегіс, қалыңдығы $1,1 \pm 0,2$ мкм. Микропиле және қақпақшасы бар. Қақпақшаның биіктігі $1,8 \pm 0,2$ мкм, ені – $4,8 \pm 0,9$ мкм. Ооциста мөлшері $25,5 \pm 2,9 \times 15,6 \pm 1,6$ мкм, нысан көрсеткіші – $1,60,1$. Споруляция $2,5 \pm 0,5$ күнге созылады. Спороциста жұмыртқа немесе алмұрт тәрізді, мөлшері $9,4 \pm 1,9 \times 7,0 \pm 1,6$ мкм. Дене қалдығы бар. Спорозоит тырнақша тәрізді, мөлшері $5,9 \pm 0,82 \times 2,9 \pm 0,9$ мкм.

Eimeria orynkulae Berkinbay, 2001 (Беркінбай [Berkinbay] 2001). Ооцисттер сопақ немесе сопақша, түсі ашық жасыл. Қабағы екі контурлы, тегіс, қалыңдығы $1,3 \pm 0,2$ мкм. Микропиле және қақпақшасы бар. Қақпақшаның биіктігі $3,1 \pm 0,2$ мкм, ені – $5,1 \pm 1,6$ мкм. Ооцистаның мөлшері $27,0 \pm 2,2 \times 18,9 \pm 2,6$ мкм, нысан көрсеткіші – $1,42 \pm 0,09$. Споруляция $3,5 \pm 0,5$ күнге созылады. Спороциста жұмыртқа немесе алмұрт тәрізді, мөлшері $11,1 \pm 1,9 \times 7,4 \pm 1,9$ мкм. Спорозоит тырнақша немесе алмұрт тәрізді, мөлшері $6,5 \pm 0,9 \times 3,5 \pm 0,2$ мкм.

Eimeria nurlani Berkinbay, 2001 (Беркінбай [Berkinbay] 2001). Ооцисттер сопақ, сопақша немесе шар тәрізді, түсі сарғыш жасыл. Қабығы екі контурлы, тегіс, қалыңдығы $1,6 \pm 0,4$ мкм. Микропиле

және қақпақшасы жоқ. Ооцистаның мөлшері $27,0 \pm 4,3 \times 18,3 \pm 0,3$ мкм, нысан көрсеткіші – $1,46 \pm 0,09$. Споруляция $2,5 \pm 0,5$ күнге созылады. Спороциста сопақ немесе жұмыртқа тәрізді, мөлшері $9,3 \pm 1,9 \times 5,6 \pm 1,9$ мкм. Спорозоит тырнақша немесе алмұрт тәрізді, мөлшері $5,1 \pm 1,6 \times 3,5 \pm 0,8$ мкм.

Eimeria smatullayi Berkinbay, 2001 (Беркінбай [Berkinbay] 2001). Ооцисттер шар тәрізді немесе сопақша, түсі сары. Қабығы екі контурлы, тегіс, қалыңдығы $1,2 \pm 0,2$ мкм. Микропиле және қақпақшасы жоқ. Ооцистаның мөлшері $17,1 \pm 0,1 \times 12,8 \pm 0,4$ мкм, нысан көрсеткіші $1,32 \pm 0,09$. Споруляция $5, \pm 0,5$ күнге созылады. Спороциста жұмыртқа тәрізді, мөлшері $4,6 \pm 0,9 \times 3,5 \pm 0,8$ мкм. Спорозоит алмұрт тәрізді, мөлшері $2,8 \pm 0,3 \times 1,9 \pm 0,2$ мкм.

Бұқар бұғыларынан (*Cervus elaphus bactrianus* Lydekker, 1900) үш түрлі жаңа эймерия тіркелді. *Eimeria sholpanae* Berkinbay, Baitursinov, Elubaeva, 2012 (Беркінбай, Байтұрсынов, Елюбаева [Berkinbay, Baitursynov, Elyubaeva] 2012). Ооцисттер жұмыртқа тәрізді немесе эллипс тәрізді, түсі қоңыр. Қабығы үш контурлы: сыртқысы бұдырлы, ортаншысы көлдеңінен кескінделген, ішкісі тегіс, қалыңдығы $3,6 \pm 0,9$ мкм. Микропиле және қақпақшасы бар. Қақпақшаның биіктігі $4,5 \pm 0,9$ мкм, ені $12,0 \pm 0,8$ мкм. Ооцистаның мөлшері $52,6 \pm 3,1 \times 44,7 \pm 4,1$ мкм, нысан көрсеткіші – $1,17 \pm 0,12$. Споруляция $4,5 \pm 0,5$ күнге созылады. Спороцистер алмұрт тәрізді, мөлшері $16,8 \pm 1,8 \times 11,1 \pm 1,9$ мкм. Спорозоиттар тырнақша немесе алмұрт тәрізді мөлшері $10,4 \pm 1,6 \times 3,6 \pm 0,8$ мкм.

Eimeria kulyashae Berkinbay, Baitursinov, Elubaeva, 2012 (Беркінбай, Байтұрсынов, Елюбаева [Berkinbay, Baitursynov, Elyubaeva] 2012). Ооцисттер жұмыртқа тәрізді, түсі сарғыш жасыл. Қабығы екі контурлы, қалыңдығы $1,4 \pm 0,2$ мкм. Микропиле және қақпақшасы бар. Қақпақшаның биіктігі $3,1 \pm 0,3$ мкм, ені $10,1 \pm 0,8$ мкм. Ооцистаның мөлшері $32,4 \pm 5,5 \times 26,5 \pm 5,5$ мкм, нысан көрсеткіші – $1,22 \pm 0,2$. Споруляция $3,5 \pm 0,5$ күнге созылады. Спороцистер жұмыртқа, алмұрт тәрізді, мөлшері $10,3 \pm 1,9 \times 6,9 \pm 1,7$ мкм. Спорозоиттар тырнақша немесе алмұрт тәрізді мөлшері $7,1 \pm 0,6 \times 3,3 \pm 0,5$ мкм.

Eimeria aruzhanae Berkinbay, Baitursinov, Elubaeva, 2012 (Беркінбай, Байтұрсынов, Елюбаева [Berkinbay, Baitursynov, Elyubaeva] 2012). Ооцисттер жұмыртқа тәрізді не эллипс тәрізді, түсі сарғыш жасыл. Қабығы екі контурлы, қалыңдығы $1,4 \pm 0,3$ мкм. Микропилесі бар, қақпақшасы жоқ. Ооцистаның мөлшері $31,9 \pm 5,6 \times 27,4 \pm 5,3$ мкм, нысан көрсеткіші – $1,16 \pm 0,11$. Споруляция $2,5 \pm 0,5$ күнге созылады. Спороцистер жұмыртқа, алмұрт тәрізді, мөлшері $9,4 \pm 0,9 \times 6,2 \pm 0,7$ мкм. Спорозоиттар тырнақша тәрізді мөлшері $6,3 \pm 0,8 \times 2,8 \pm 0,8$ мкм.

Қорытынды

Қазақстанда үй және жабайы жануарларынан ғылымға жаңа эймерия түрлері тіркелді: *Eimeria priadko* – жылқыдан, *Eimeria hemionus* және *E. pinaevae* – құланнан, *Eimeria bekenovi*, *E. zhamilae*, *E. elmiraе* құндыздан, *Eimeria kosembaevi* – киіктен, *Eimeria musakhani*, *E. asilkhani*, *E. sejdakbari*, *E. zalmyrzae* – Сарыарқа арқарларынан, *Eimeria baghdati*, *E. alimzhani*, *E. asanbayi*, *E. kaldybayi*, *E. orynkulae*, *E. nurlani*, *E. smatullayi* – жабайы дала қойларынан, *Eimeria sholpanae*, *E. kulyashae*, *E. aruzhanae* – бұқар бұғыларынан.

ӘДЕБИЕТТЕР

Беркинбаев О., Байтұрсынов К.К. Паразитофауна кишечника домашних жвачных животных и лошадей Казахстана / Институт зоологии АН КазССР. – Алма-Ата, 1987. – 59 с.: ил. – Библиогр. 46 назв. – Рус. - Депонированы в ВИНТИ. 1987. 19.11.87, № 8137-B87. РЖ Биология, 1988. № 3. К 7 Деп.

Беркинбаев О., Бисенова Р., Байтұрсынов К.К., Ташибаев Е.С. Кокцидии рода *Eimeria* у кулана / Институт зоологии АН КазССР. – Алма-Ата, 1991. – 4 с.: ил. – Рус. -Депонированы в ВИНТИ, 1991. 01.03.91, № 958 – В91. РЖ Биология, 1991. № 6 К 143 Деп.

3. Беркинбаев О., Есжанов Б., Байжанов М.Х. Кокцидии рода *Eimeria* у речного бобра / Организм ва мухит: иккинчи Республика симпозиуми маърузаларининг материаллари. Илмий туплам. Тошкент: Фан, 1995. С. 70-71.

Беркинбаев О. Кокцидии рода *Eimeria* у сайгаков / *Selevinia*, 1995. № 3. С. 35.

Беркінбай О. Сарыарқа арқарларының эймериялары / Жаршы, 1999. № 8. 50-54 беттер.

Беркінбай О. Жабайы дала қойы эймериялары / Жаршы, 2001. № 7. 30-32 беттер.

Беркінбай О., Байтұрсынов Қ.Қ., Елюбаева Г.О. Бұқар бұғыларының эймериялары / Ветеринария, № 6 (28), 2012. С. 53-55.

REFERENCES

Berkinbayev O., Baitursinov K. K. Parasitofauna catchphrase of home-grown animals and horses of Kazakhstan / Institute of Zoology of the Kazakh SSR. -Alma – Ata publ., 1987. - 59 p.: Il. The bible. 46

name. Rus. Deposited in the All-Union Institute of Scientific Research Technical Institute. 1987. 19.11.87, No. 8137-B87. Abstract journal Biology, 1988. No. 3.K 7 Dep.

Berkinbayev O., Bisenova R., Baitursinov K. K., Tashibaev E. S. Coccidia genus Eimeria in kulan / Institute of Zoology of the Kazakh SSR. - Alma-Ata publ., 1991. - 4 p.: Il. Rus. Deposited in the All-Union Institute of Scientific Research Technical Institute. 1991. 01.03.91, No. 958-B91. Abstract journal Biology, 1991. No. 6.K 143 Dep.

Berkinbayev O., Eszhanov B., Baizhanov M. H. Coccidia genus Eimeria at the river beaver / Organism and environment: materials of the lectures of the second Republican symposium. Scientific totality. Tashkent: Science, 1995. Pp. 70-71.

Berkinbayev O. Coccidia genus Eimeria in the saiga / Selevinia, 1995. No. 3. p. 35.

Berkinbay O. Eimeria of Saryarka arkhars / Zharshy, 1999. No. 8. P. 50-54.

Berkinbay O. Eimeria of wild steppe sheep / Zharshy, 2001. No. 7. P. 30-32.

Berkinbay O., Baitursynov K. K., Yelyubayeva G. O. Eimeria of Bukhar deer / Veterinary Medicine, No. 6 (28), 2012, pp. 53-55.

Беркинбай О. Новые виды эймерий у домашних и диких животных в Казахстане

Аннотация. В Казахстане проверено заражение эймерией ряда домашних и диких животных. В результате у лошадей (*Equus caballus* Linnaeus, 1758) новый для науки один вид эймерии (Protozoa, Apicomplexa), у куланов (*Equus hemionus* Pallas, 1775) - 2, у бобров (*Castor fiber* Linnaeus, 1758) - 3, у сайгаков (*Saiga tatarica* Linnaeus, 1766) - 1, у архаров сарыарка (*Ovis ammon collium* Linnaeus, 1758) - 4, у степных диких овец (*Ovis orientalis* Gmelin, 1774) - 7, у бухарских оленей (*Cervus elaphus* Bactrianus lydekker, 1900) - 3 вида. Ооцисты, выделяемые фекалиями из тела хозяина, не могут заразить чувствительных животных. Во внешней среде они должны пройти определенный процесс развития, во время которого приобретают способность к заражению. При наличии определенных условий во внешней среде (тепло, влага и кислород) цитоплазма ооциста отделяется от оболочки, сжимается, приобретает сферическую форму и начинает разделяться на четыре споробласта. Вокруг каждого споробласта образуется плотная оболочка, в результате чего образуются четыре спороциста. В каждой спороцисте образуются два спорозоиота, а спороцисте-споры. На этом заканчивается экзогенный период развития эмерии-спорогонии. После этого ооцисты становятся инвазивными и заражают чувствительных животных, когда они заражаются. Описаны морфологические признаки эймерии. Указаны сроки спороношения. Дано количество ооцистов, спороцистов и спорозоитов.

Ключевые слова: эймерия, спороциста, спорозоит, лошадь, кулан, речной бобр, сайгак, казахстанский архар, дикие степные овцы, тугайный олень.

Berkinbay O. New types of eimeria of domestic and wild animals in Kazakhstan

Annotations. A number of domestic and wild animals have been infected with eimeria in Kazakhstan. As a result, horses (*Equus caballus* Linnaeus, 1758) have one species of eimeria new to science (Protozoa, Apicomplexa), kulans (*Equus hemionus* Pallas, 1775) - 2, beavers (*Castor fiber* Linnaeus, 1758) - 3, saigas (*Saiga tatarica* Linnaeus, 1766) - 1, argali saryarka (*Ovis ammon collium* Linnaeus, 1758) - 4, steppe wild sheep (*Ovis orientalis* Gmelin, 1774) - 7, Bukhara deer (*Cervus elaphus* Bactrianus lydekker, 1900) - 3 species. Oocysts secreted by feces from the host's body cannot infect sensitive animals. In the external environment, they must undergo a certain development process, during which they acquire the ability to infect. In the presence of certain conditions in the external environment (heat, moisture and oxygen), the cytoplasm of the oocyte separates from the shell, contracts, acquires a spherical shape and begins to divide into four sporoblasts. A dense shell forms around each sporoblast, resulting in the formation of four sporocysts. Two sporozoites are formed in each sporocyst, and sporocyst-spores. This ends the exogenous period of the development of eimeria-sporogonia. After that, the oocysts become invasive and infect sensitive animals when they become infected. Morphological signs of eimeria are described. The timing of sporulation is indicated. The number of oocytes, sporocysts and sporozoites is given.

Key words: eimeria, sporocysta, sporozoite, horse, kulan, river beaver, saiga, saryarka argali, wild steppe sheep, bukhara deer.

Ескертпелер

Ескертпелер

Ескертпелер

Ескертпелер

Ескертпелер

Ескертпелер

Ескертпелер